# АҚМЕШІТ жастары

Қызылорда облыстық жастар газеті

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады

6+

№ 22 (507)
1 маусым, 2023 жыл


*Жаннан қымбат оларға ар,*
*Мен жастарға сенемін.*
**Мағжан**



# СЫҢҒЫРЛА, СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ!

**Мектеп – әр адамның құтты мекені, білім ұясы. Он бір жыл білім нәрімен сусындатар білікті ұстаздың жиылған ордасы. Сыныптастармен өткізген қызықты кезеңнің куәсі. Алғашында әліппені құшаққа қысқан оқушы кемел келешегіне қанат қаққан түлек атанады.**

**Соңғы қоңыраудың сәті таяғанда түлектің жүрек түкпірінде толқыныс пайда болады. Мектеп қабырғасындағы көңілден өшпес көрініс көз алдына келгенде кез келген оқушы қимастық пен қобалжуды қатар сезінетіні ақиқат. Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің 11-сынып оқушысы Ақерке Шамшатова соңғы қоңырау соғатын үздік түлек. Осы орайда, мектеп мақтанышы жан тебіреніспен арман-мақсатын тарқатып айтты.**



Бүгін ерекше тебіреніс пен толғанысқа толы күн. Аяулы мектебімді тәмамдайтын уақыт та келіп жетті. Мектебімде 11 жыл бойы түрлі қуанышты сәттер орын алды. Үлкен өмірге жасаған алғашқы қадамымыз да осы жерден бастау алды. Мұғалімдер мені үздік әрі белсенді оқушы ретінде «соңғы қоңырау» соғуды табыстауы мен үшін үлкен мәртебе! Біз бүгінгі маңызды күнге біраз уақыт бар күш-жігерімізді салып дайындалдық. Дайындық барысы өте қызықты әрі естелікке толы болды. Мен үшін алтын ұя мектебім – балалық шағымның балғын уақыты болып есімде қалады.

### ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСТЕЛІК

Әрине, мектепте өткен әрбір уақыт шаттыққа толы кездер. Дәл осы кездер есімізде ең жарқын әрі ұмытылмас естеліктер болып қалатыны сөзсіз. Кеше ғана мектеп табалдырығын аттап, бірінші сыныпқа қадам басқан кішкене бүлдіршін едім, міне бүгін бітіруші түлекпін. Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейі маған үлкен өмірге жолдама берді, үлкен өмірге дайындады. Білім деңгейі жоғары, көптеген мүмкіндіктерді сыйлай отыра, оқушы кезімнің ұмытылмас сәттерін осы мектепте өткізгеніме өкінбеймін. Сол себепті қимастықпен қоштасқалы тұрмын. Осы ретте, алғашқы Әліпбиді танытқан ұстазым – Айгүл Жанұзақ-қызына алғыс айтамын. Балаларға деген мейірімімен баулып, алғаш әріпті танытқан жан. Сонымен бірге 7-сыныптан бері бізге бар білгенін үйретіп, екінші анамыздай болып кеткен ұстазым – Гүлзира Әбдіқайыр апайыма да айтар алғысым шексіз. Әрдайым бізді тек дұрыс бағытқа бағыттап, жетістіктерге жету жолында қосқан үлесі зор. Әрбір шәкірттің өзі сүйген, жылдар бойы тәлім алған ұстазының аяулы бейнесі көкірек көрігінде, жүрек түбінде сақталуы заңдылық. Сондықтан да ұстаздарымның берген ақылын ешқашан ұмытпаймын!

### МЕКТЕП – ЖЕТІСТІКТІҢ АЛҒАШҚЫ БАСПАЛДАҒЫ

Иә, Алтын белгі үміткерімін. Мен мектепте әрбір іс-шарада белсенді болуға тырыстым. Түрлі олимпиадаға білімімді шыңдау мақсатында қатысып, жігеріммен жетістікке жетуді көздедім. Себебі, мектеп қабырғасындағы жетістігім жарқын болашағыма үлкен септігін тигізетініне сеніммен қарадым. Атап өтер болсам, 9-сыныпты «қызыл аттестатпен» тәмамдап, республикалық олимпиадаға қатысып 1-орын иелендім. Сондай-ақ, «Қазақстан ұстаздары» қоғамымен ұйымдастырылған «Ағылшын тілі» және «Қазақстан тарихы» пәні бойынша еспубликалық олимпиададан 1-дәрежелі диплом иегері атандым. Е. Б. Бекмаханов атындағы республикалық «Қазақстан тарихы» пәні олимпиадасынан 2-дәрежелі дипломды еншіледім. Республикалық пәндер олимпиадаларының қалалық кезеңінен жеткен нәтижелерімді айта аламын. Белесті бағындыруға талпынысым білім деңгейімді арттырды. Бұл марапаттар үлкен нәтижеге бастау деп білемін.

### АСҚАҚ АРМАН АЛҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Қазіргі таңда Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындығым қарқынды. Болашаққа нық сеніммен қадам басып, алдағы білім сынағынан сүрінбес үшін тынымсыз дайындалып, үздіксіз ізденісте үзіліс жариялағым жоқ.

Мамандық таңдау – жауапкершілік және маңызды іс. Түлектер мамандықты дұрыс таңдау арқылы келешегінің бір кірпішін қалайды. Менің таңдауым журналистика саласы. Бала кезімнен бері қызығушылығым осы мамандыққа бағыттады. Журналистика – қиындығы мен қызығы қатар жүретін мамандық. Оның қоғамдағы рөлі зор. Болашақта журналистиканың майталманы болып, елімізде осы саланы әлемдік деңгейге жеткізгім келеді. Арманымды алдыма үміт етіп, өз саламның шыңына табан тіреп тұратын күнге де жетемін.

Жоғарғы оқу орны туралы айтар болсам, менің таңдауым – Еуразия Ұлттық университеті. Себебі, біріншіден, Қазақстандағы ең үздік топ – 10 ЖОО қатарында 2-орын. Екіншіден, QS TOP 50 UNDER 50 нұсқасы бойынша әлемнің жас жоғары оқу орындарының рейтингіне енген Орталық Азиядағы жалғыз жоғары оқу орны. Бұл университет жоғарғы білімі бар оқушыларды талап етері анық. Сондықтан мемлекеттік грантты иемденіп, даңғыл жолымды қаласам деймін.

**Замира ДАСТАНҚЫЗЫ**



# ТӘЛІМГЕР – БАЛАЛАРДЫҢ ДОСЫ БОЛУЫ КЕРЕК



**Мемлекеттің баянды болашағының алғышарты – арманы айқын, мақсаты мәнді, өзіне сенімді ұрпақ қалыптастыру. Осы орайда аталған мәселеге «балалар жылы» ғана баса назар аударылмай, жалпы ел көлемінде түрлі жобалар қолға алынып жүр. Соның бірі – «Дара» қайырымдылық қоры қолға алған «Тәлімгерлер» жобасы. Облыс бойынша жобаны жүзеге асырушы, «OSTOD» қоғамдық бірлестігінің директоры, «Самғау» жастар сыйлығының иегері Әділ Әліқұловпен сұқбаттасудың реті түсті.**

**– Жобаның тарихына тоқталсаңыз...**

– «Дара» балалар қайырымдылық қоры 2015 жылдан бастап республика бойынша «Тәлімгерлер» бағдарламасын жүзеге асырып келеді. Бағдарламаның мақсаты – балалар үйіндегі жасөспірімдерді әлеуметтендіру. Қазіргі таңда еліміздің 15 қаласында іске асырылып отыр. Өңірлерде бағдарлама серіктес ҮЕҰ-мен бірлесе отырып жасалынып келеді. Ең алғашында Алматы, Астана және Қарағанды қалаларында бастау алса, кейіннен басқа өңірлер де қосылды. Жыл сайын бағдарлама жүргізілетін қалалар саны көбеюде.

Бұл әлемдік тәжірибеде бар дүние. АҚШ-та 100 жылдан астам тарихы бар «Big brother Big sister» жобасы, Ресейде де осы сынды тәлімгерлік бағдарламалары жүзеге асырылып келеді. Әлемдік тәжірибені ескере отырып, біздің жағдайға бейімдеп жасадық. «Тәлімгерлер» бағдарламасы осы уақытқа дейін орыс тілінде жүзеге асты, осы жылдың сәуір айынан бастап қазақ тілді бағытын дамытуды қолға алдық. Себебі өңірлерде қазақ тілді балаларға тәлімгер табу қажеттілігі туындады.

**– «Тәлімгерлер» бағдарламасының нәтижесі қандай?**

– «Тәлімгерлер» бағдарламасы 3 бағытта жүзеге асырылады: біріншісі жеке (дара) тәлімгерлер болса, екіншісі корпоративтік тәлімгерлер. Ал соңғысы білім беру курстарына тікелей байланысты.

«Жеке тәлімгерлер» бағытының мақсаты – балалар үйінде тәрбиеленген жасөспірімдерді әлеуметтендіру, ерікті-тәлімгермен достық қатынас құру арқылы дербес өмірге дайындау. Тәлімгер демеуші емес, балалар үйіндегі жасөспірім үшін маңызды ересек адамға айналатын үлкен дос. Тәлімгер өзінің өмірлік тәжірибесімен бөліседі, балалар үйіндегі баланы бағыттайды және қолдайды. Басты талап – баланың жасы 11-ден асу керек. Ал жасы 25-тен асқан ҚР-ның кез келген азаматы тәлімгер бола алады, ол үшін іріктеуден, арнайы оқытудан өту қажет. Бағдарламаға қатысу ұзақ мерзімді. Әрине, тәлімгер мен балалардың арасындағы достық қатынас өмір бойына жалғасқанын қалаймыз.

Корпоративтік тәлімгерліктің мақсаты – жасөспірімдерге қоғамда табысты әлеуметтену үшін өмір мен кәсіби жоспарлауға көмектесу, сондай-ақ бизнес қауымдастық үшін балаларға қандай да бір кәсіпті меңгеруде білім, тәжірибе алуға көмектесу мүмкіндігі. Бұл бағытта корпоративтік тәлімгерлер-балалар үйінен балаларды оқытып, тағылымдамадан өткізе алатын түрлі компаниялар.

Соңғы бағыттың мақсаты – балалар үйінің тәрбиеленушілеріне мектеп пәндері бойынша білімдегі олқылықтардың орнын толтыруға және ҰБТ тапсыруға, колледжге түсу емтиханына дайындалуға, олардың жоғары оқу орындарына түсу мүмкіндігін арттыруға және сол арқылы қоғамда табысты әлеуметтенуді арттыруға көмектесу. Қазіргі таңда 220-дан астам баланың жеке тәлімгері бар, корпоративтік тәлімгерлік бойынша 280 бала әртүрлі компанияда маусымдық тағылымдамадан өтті. Білім беру курстары бойынша 160 бала тұрақты түрде оқиды. Осындай білім беру курстарының арқасында 7 балалар үйінің түлегі грантқа ЖОО-на оқуға түсіп, студент атанды. Бұл – біз үшін үлкен қуаныш, үлкен мәртебе.

**– «Атамекен» балалар үйімен бірлесіп жұмыс жасап келесіздер. Өңірдегі балалардың өмір сапасына аталған жобаның қандай әсері бар?**

– 2020 жылы «Дара» қорына «Атамекен» отбасылық типтегі балалар ауылының директоры Лиза Ноғайқызы хабарласып, балалардың біздің бағдарламаға қатысқанын қалайтынын айтты. Әрине, ұсынысты қуана қабылдадық. Қызылорда қаласында жоба 2021 жылдан бастап жүзеге асырыла бастады, қазіргі таңда 2 баланың тәлімгері бар. Ал білім беру курстары бойынша 5 бала «Достық» білім беру орталығында дайындықтан өтуде.

**– Алда қандай жоспарларыңыз бар?**

– Біріншіден, Қызылорда қаласында тәлімгерлер санын көбейтуді жоспарлаудамыз. Сондықтан жасы 25-тен асқан қала тұрғындарын бағдарламаға қатысуға шақырамыз. Республика бойынша көптеген жасөспірім өз тәлімгерін күтуде. Біздің мақсат – тәлімгерлер санын көбейту. Сонымен қатар алдағы уақытта Ақтөбе және Талдықорған қалаларында бағдарлама бастау алады. Балалар үйінің жасөспірімімен дос болуға шақырамыз!

**– Әдемі әңгімеңізге рақмет!**

**Сұқбаттасқан**
**Дина БӨКЕБАЙ**

# ТАҚСЫРЕТ ТАРТҚАН ТАҒДЫРЛАР

**«Сөздің ең ұлысы – тарих» деп А.Байтұрсынұлы айтпақшы, өткеннің өткеліне көз тастап, бүгіннің бедеріне зер салсақ, талай нәрсеге көз жеткіземіз. Шаң басқан архивті ақтарғанда өткен дәуірде орын алған көріністердің куәсі боламыз. Халықты надандықтың құрсауынан құтқарып, түзу жолда өшпестей шамшыраққа айналған Алаш арыстарының еткен еңбегі мен төккен тері қаншама?! Кемел келешекті ойлап, кейінгіні қуанышқа кенелту де – қазақ оқығандарының айқын жоспарларының бірі болған. Олар адалдықтың жолында айқасып, әділдікті меңзеді, егеменді ел болуды көкседі. Сүрлеуі соқпақ өмірдің соқтықпалы жолымен жүріп толассыз тосқауылға, сансыз бөгетке тап болды. Жанашырлығы үшін жазықсыз жала жабылып, айып тағылды. Озбыр саясаттың құрбаны болып, запыран ішті. Иә, сұрқия саясат талайдың тағдырын талқан етті.**



31 мамыр саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні. Дәл осы күні 1920 жылдардың соңында және 1932-1933 жылдар аралығында қасақана ұйымдастырылған зауалдан зардап шеккендерді еске аламыз. Деректерге сүйенсек, елімізде 103 мыңнан астам адам қуғын-сүргінге ұшырап, 25 мыңнан астамы ату жазасына кесілген. Жазықсыз жазаланғандардың қатарында Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Тынышбаев, М. Дулатұлы, Т. Рысқұлов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, С. Асфендияров сынды көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері болған. Халық жауларын" анықтау бойынша қатаң саясаттың салдарынан қуғын-сүргінге ұшырағандардың өздері ғана емес, олардың жақындары да зардап шекті. Олар үшін Қазақстанда Алжир, Карлаг, Степлаг арнайы лагерьлері құрылды.

Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы Заң алғаш рет 1993 жылдың 14 сәуірінде қабылданған болатын. Содан бергі 30 жылдың ішінде құжат 7 рет жаңартылыпты. Соңғы жаңарту 2023 жылдың 19 сәуірінде қабылданған. Иә, ұлты үшін игі іске ұйысып, қысым мен қысастық көрсе де елім деп өткен ерлер есімі ұлықталып, таққан айыптан ақтау керек. Мұның маңыздылығын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та тілге тиек етті.

– Біз бүгін саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске аламыз. Тоталитаризмнің бұл қырғыны халқымызға орасан зор қасірет әкелді. Тарихымыздың қайғылы кезеңдерін терең зерделеп, жазықсыз жапа шеккен боздақтарды ақтау ісін жалғастыру – өте маңызды мәселе, – деді ол.

**Замира ҚОНЫСЖАН**

# ҚЫЗЫЛОРДАДА ЖАСАЛҒАН: ШЫНЫ МЕН ШЫҒЫН

**Жыл өткен сайын жаңаратын дүние, ашылар жаңалық, ойлап табылған техника адамзат баласының игілігі үшін жасалады. Осыдан 6 мың жыл бұрын кварц құмымен жасалған эксперименттің бүгінгі күні бірде бір ғимаратты онсыз елесетете алмайтын шыны өндірісінің өсуіне, тіптен, қажеттілікке айналуына әсер ететінін кім білген?! Шынымен бірге өмірге айна келді. 13 ғасырда медицина ғалымдарының көзәйнекке арналған линзаларды ойлап табуына да шыны себеп болды. Иә, қазіргі таңда қарапайым тұрмыстық заттардан бастап медициналық, технологиялық құрылғылар ежелгі экспериментінің нәтижесіне тәуелді. Египетте өндіріліп, қол жетпейтін, құнды тауарға баланған шыны облыс орталығы – Қызылорда қаласында да өндірілуде.**

**БҰЛ ЖЫЛ БҰРЫНҒЫЛАРДАН ӨЗГЕРЕК...**

Шыны зауытының атынан «атағы» алда екені жасырын емес. 2006 жылы зауыт салу идеясы жан-жақты талқыға салынып, мемлекет тарапынан құпталған соң британдық компаниямен келісімшарт жасалды. Бұл идеяны тұңғыш президенттің өзі де қолдады. Бірақ араға жыл салмай-ақ британдық компания келісімшарттан бас тартқан еді. Осылайша «болар істің» басына келер бір жақсы табылмай, тұралап қалған-ды.

2 бетте

*Жалғасы. Басы 1-бетте*

# ҚЫЗЫЛОРДАДА ЖАСАЛҒАН: ШЫНЫ МЕН ШЫҒЫН



Кейіннен индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы бекітілгенде Қазақстанның инвестиция қоры мен «Бәйтерек» холдингі американдықтармен бірлесіп «Orda Glass ltd» серіктестігін құрды. Идеяны іске асыру үшін 2015 жылы «China Triumph International Engineering Co» атты қытайлық компаниямен келісімшарт жасасты. Алайда американдықтар да жобаның құрамынан шығып қалуына байланысты қытайлық компания зауыттың құрылысын соңына дейін жеткізіп, іске қосуға дайын тұрған тұста пандемия аяқтан шалды. Осылайша, он шақты жыл бұрын ұсынылған идеяның шындыққа айналуы бірнеше кезеңге бөлініп, 2021 жылы Тәуелсіздіктің 30 жылдығында зауыт іске қосылып, пеші қыздырыла бастады. Зауыттан өнім бірден шыға кетпейтіні, пешті қыздыру уақыт алатыны бұған дейін де айтылған еді. Көптің көңілінде алаң, кәсіпкерлік саласында шу туғызған шыны өндірісі техникалық ақаулармен тағы да тұралап қалды. Арада бірнеше ай өтті.

«Бетпе-бет» хабарында эксклюзивті сұхбат берген аймақ басшысы 2022 жылдың қазан айынан бастап Қызылорданың алғашқы шынысы жасап шығарылғанын айтты. 42 млрд теңгеге дейін инвестиция жасалған ірі жоба өткен жылдан бастап қайта жанданды. «Бүгінде 17 мың тонна шыны Астана, Алматы, Шымкент қалаларына жөнелтілді, алдағы уақытта өнімді Өзбекстанға экспорттау жоспарлануда. Биыл 30 мың тоннаға жуық шыны шығару жоспарлануда. Зауыт жанынан инвестиция көлемі 100 млрд теңгеге жуық 8 ілеспе кәсіпорын құрылмақ. Оның үшеуі – шыны талшықтар мен композитті материалдар, айна және жұқа шыны шығару жобалары бойынша жобалау жұмыстары басталды», – деді өңір басшысы.

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАЛҒЫЗ ЗАУЫТ

Шынының «жыры» қаншалық ұзаққа созылса, жаңа өндірістің жанданғанын естіп-білген қызылордалықтардың қуанышы да сол шамалас. Айта кету керек, қаладағы шыны зауыты қуаттылығы жағынан Қазақстанда жалғыз. Зауыт ашылса, 200 қызылордалыққа жұмыс орны ұсынылатыны да бір жаңалық. Әрине, зауыт құрылысын көзбен көріп, шыққан өнімді қолмен ұстаған жұрт шыныдан келер пайда да шаш етектен екеніне сеніммен қарайды. Өзімізде жасалған өнімнің экспорт-талуы қалай? Зауыт қанша көлемде шыны өндіруге қауқарлы?





Аталған ірі өндіріс орны былтыр 32 мың тонна өнім өндірсе, биыл 75 мың тоннаға жуық шыны түрлерін шығарған. Қуаттылығы 200 мың тоннаны құрайтын өндірісте күніне 500-510 тонна шыны жасалуда. Өнімге Қызылордадан бөлек өзге өңірлерде де сұраныс бар. Тіпті, вагон-вагон болып шетел асырылып та жүр. Алғашқыда Шымкент, Алматы мен Астанаға барған шынылар енді Тәжікстан, Қырғызстан, Ресей мен Өзбекстанға да жеткен. Ол аз десеңіз, қытай, неміс және түрік компанияларымен зауыт аумағында құны 100 млрд теңгені құрайтын 8 шағын ілеспе зауыт құру бойынша келіссөздер жүргізілуде.

− 2022 жылдың 13-і қазанында алғашқы дайын өніміміз шықты. Келесі жылдың екінші жартыжылдығынан бастап энергия үнемдейтін шыны шығаруды да жоспарлап отырмыз. Мұндай өнім шығаруға 15 млн доллар инвестиция тартылмақ. Қазіргі кезде бұл жобаны бекітіп, қондырғыларды орнату жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Бұған дейін шығарылған өніміміздің 40 мың тоннасы шетелге экспортталды. Біздің шыныларды құрылыста пайдалануға болады, дегенмен алдағы уақытта түрлерін көбейту жоспарда бар, − дейді кәсіпорынның өндірістік бөлім басшысының көмекшісі Ғалымжан Қуатов.

## 1 ЗАУЫТ – 340 ЖҰМЫС ОРНЫ

Өндіріс – нарықтық экономиканың басты күші. Жыл басынан бері өңірдегі өндіріс орны құны 6 млрд теңгені құрайтын 3,5 млн шаршы метр шыны материалын шығарып үлгерген. Ал жыл соңында 140 мың тонна өнім шығару жоспарланған. Бірақ бұл зауыт қуаттылығының 71 пайызын ғана құрайтынын естен шығармау керек. Өнім шығару үшін шикізат Арал және Жаңақорғаннан әкелінуде. Сонымен қатар жылына 36 мың тонна кальцийленген сода Башқұртстан мен Өзбекстаннан тасымалданады.

Тағы бір айта кетерлік жайт, алғашқыда бұл зауытта 226 жұмыс орнын ашу жоспарланған.

Алайда көп күттірген жобаның пайдасы да көп болып, сәйкесінше, қазіргі таңда 260 қазақстандықты жұмыспен қамтып отыр. Одан бөлек жыл аяқталғанша тағы 80 жаңа жұмыс орны ашылмақ.

Жергілікті жұмыспен қамтудың белгіленген арақатынасының заңдылығына сәйкес қызметкерлердің 70 пайызын Қазақстан азаматтары құраса, 30 пайызы – шетелдік мамандар. Әрине, айлық табысы жағынан шетелдіктерге артығымен төленіп отыр. Мұнда қазақстандықтардың орташа айлығы – 404 мың теңге, ал шетелдіктердің табысы 963 мың теңгені құрайды. Екі есе артық айырмашылыққа шетелдік мамандардың шыны өндіру саласында 10 жылдан аса тәжірибесі және жоғары біліктілігінің болуы себеп-мыс. Алайда өндіріс орнының жетекшісінің айтуынша, қазақстандықтардың да біліктілігін арттыру жұмыстары тұрақты жүргізіліп келеді. Яғни, алдағы уақытта біздің азаматтар да зауыттағы маңызды, жетекші жұмыстарға араласатын болады.

− Шыны зауыты индустрияландыру бағдарламасы аясында іске қосылған болатын. Жалпы бұл өндіріс орнының іске қосылуы аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай үлес қосады. Өңірдің өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі 8 пайыз болса, құрылыс индустриясында 42,2 пайызы Қызылорда облысының үлесінде. Шыны зауытынан шыққан өнімдерге сұраныс бар болғандықтан биылғы барлық өнім игеріледі деген жоспар бар. Өндіріс орнына қосымша 8 ілеспе зауыт ашу да өзіндік оң үлесін тигізері анық, − деді облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы басшысының орынбасары Жанар Берденова.

Өнім сапасы – қызмет пен кәсібиліктің сапасы. Келісімшартқа отырған қытайлық компанияның бұл салада 60 жылдық тәжірибесі барын ескеру керек. Қызылордалық, қазақстандық қызметкерлер де біліктілігін арттырып, тәжірибе жинаса, өзіміздің өндіріске өзіміз басшылық етер күн алыс емес.



**Дина МӘДЕЛХАНҚЫЗЫ**
**Суреттерді түсірген: Н.НҰРЖАУБАЙ**

---

# АЙНҰРДЫҢ КӘСІБІ АЛҒА БАСТЫ

**Бүгінде мемлекеттік бағдарламалар кең өріс алғалы халықтың қолы аузына жетіп келеді. Ойында идеясы болғанмен, қолдың қысқалығы балақтан тартып тұрғанда, бұл реттегі жеңілдіктердің қарасы қалың. Шалғай ауылдан шашасына шаң жұқтырмай биік шыңдарды еңсеріп жүрген жандар осылай кәсіптің көзін тауып, мемлекеттің жәрдеміне қол жеткізуде. Солардың бірі – Қармақшы ауданының тұрғыны Айнұр Диқанбаева. Ол осы күні бармағынан бал тамып, жұртшылыққа тәттінің түр-түрін ұсынып жүр. Әлбетте кәсіп бастау үшін алдымен ниет, талап керек. Ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлы айтпақшы, талап, еңбек, терең ой, қанағат пен рақым бойында болған адам қандай биікті де еңсереді.**



Айнұр Диқанбаева – күре жолдың бойында орналасқан Қармақшы ауданының ІІІ Интернационал ауылының тұрғыны. Қыз баланың бойында алдымен ас әзірлеу қабілеті болатыны анық. Ол осы қабілетін кәсіпке айналдыруды көптен бері ойлапты. Бүгінде тұтынушы талғамына сай ауыл тұрғындарының сұранысын ескере отырып, жеңіл әрі тез дайындалатын фастфуд өнімдерін сататын сауда орнын ашып, ауыл тұрғындарына дәм ұсынуды бастады. Ақиқаты сол: фасфуд өнімдерін бұрын-соңды ат арытып үлкен қалаларға барып жейтін тұрғындар дәмі тіл үйірген тағамдарды ауылдан ұзамай татып жүр. Тіпті, «Бұрыннан неге ашылмаған, жақсы екен ғой» деп таң-тамаша болған тұрғындар пікірін құлағымыз шалып жүр. Иә, кәсіптің үлкен-кішісі болмайды, ырзық-несібеңіз қай бағытынан бұйырса, дәм де сол жағынан келері рас. Алыс ауыл демей, шалғай елді мекен демей, тірлігін жолға қойып жүрген кәсіпкердің ынта-ықыласына тәнті болдық. Кәсіп – тоқтаусыз даму, дағдарысқа қарсы тұру, әр сәтте тәуекелге бел буу.

Айнұр ханым мұны қаперге алып, бүгін де алға даму үшін өзінің айқын жоспары мен бағытын сызып үлгерген.

– Нан өнімінен түрлі тәттілерді пісіруге бала күнімнен қызығушылығым жоғары. Қолымнан келгенін пісіре отырып, тәжірибе жинадым. Кейін ауыл тұрғындарынан тапсырыс алып, өнімдерімді ұсыну арқылы көпшілікке көріне бастадым. Негізгі дайындайтын тағамдарым – самса, тәтті нан, пицца, құймақ, тіске басар тәттілер. Әсіресе жастар жағы дөнерге көп тапсырыс береді. Осыдан кейін неге кәсіп бастамасқа деген ой келді. Сөйтіп мемлекеттік бағдарламаға қатысып, қайтарымсыз грант ұтып алдым. Бұл шағын іс бастауға қаражаты жоқтарға немесе қаражаты жетпеген белгілі бір санаттағы азаматтарға үлкен көмек, – дейді ол.

Осылайша ойға келген кәсіпті қолға алып, талантымен тау биікке ұмтылған талантты кәсіпкер өз-өзіне талап қойып, жеңіп алған қаражатқа ең бірінші керек құрал-жабдықтарын алған. Осыған дейін жоқтан бар жасаған жан алған қайтарымсыз қаражатқа құрал-жабдықтар алды. Аспаздық аспаптармен жұмыс жеңіл әрі өнімді бола бастады. Бұл әрине еңбек еткен жан үшін үлкен қуаныш.

– Кәсіпке келгенге дейін үйде анау-мынау пісіріп тапсырыс алып жүрдім. Содан түскен қаржыны жинап, ең бірінші дөнер пісіретін пеш алдым. Осылай еңбектенудің арқасында бірлі-жарым құрылғыларға қол жеткіздім. Қазір жастарға мүмкіншілік көп. Тек ерінбеу керек. Кез келген істі бастағанда ол бірден болмайды. Сол үшін сабыр мен төзімділік керек, – дейді Айнұр Диқанбаева.

Әлбетте, ә дегеннен пайдаға шығу кәсіпкер үшін мүмкін емес нәрсе. Сондықтан Айнұр маңдай тердің, ақ-адал еңбектің арқасында осындай зор мүмкіндіктер даңғылына шықты. Бүгінде ол ауылдағы үш адамды жұмыспен қамтуда. Олар цехта екі кезекпен жұмыс істейді. Яғни, азанғы сегізден кешкі алтыға дейін екі адам нан өнімдерін дайындаса, түнгі сағат он бірге дейін бір адам сол жұмысты жалғастырады.

– Тұтынушы талғамынан шығу – біздің алдымыздағы ең басты міндет. Сондықтан тапсырыс берген тұтынушыға алдымен барлық жағдай жасап, жеткізіп беруге дейін өз мойнымызға алдық. Маркетинг саласы тым қиын емес, ынта болса, үйреніп алуға әбден болады, – дейді жаңашыл кәсіпкер өз ойын білдіріп.

Бүгінде жұртшылық кәсіпкердің жасап жатқан жұмысына дән риза. Алғысын білдіріп кетіп жатқандар да жетерлік. Елді мекенде жалпы кәсіпкерліктің дамуы көңіл қуантарлықтай. Ауыл әкімі Нұрлыбек Сайымовтың айтуынша, қазір ауылда 125 кәсіпкерлік нысаны бар.

– Біз өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда 20 шақты кәсіпкерлік нысанын тіркеп отырмыз. Бұл дегеніңіз алақандай ауыл үшін үлкен жетістік. Осы күні «Ауыл аманаты», жастарға арналған 2,5 проценттік жеңілдетілген несие бойынша қарқынды жұмыс істеп жатырмыз. Қайтарымсыз қаражат бағытында да ұлттық жобаның жүзеге асуына барынша ат салысудамыз. Алдағы уақытта да ауылымыздың өркендеуі жолында барынша ықпал етіп, маңдай терімізді төгеміз. Ауылдың өркендеуі – тұтас Қазақстанның дамуы. Бұл әрбіріміздің кеудеміздегі арман мен мақсатпен үндесуі керек. Елді дамытуға айқайлап, ұрандап емес, ісімізбен ат салысып, титтей де болса үлесімізді қосу қамымен жүрміз, – дейді ауыл әкімі Нұрлыбек Сайымов.

Ауыл – қазақтың қарашаңырағы. Елдегі түтін түзу ұшса, береке мен бірлік те, тындырымды тірлік те болады. Алақандай ауылдың дамуы мен алға басуына барынша ықылас танытып, ынта білдірген ел азаматтары қай уақытта да көш басында болары хақ. Ал Айнұр тәрізді кәсіпкерлердің әрбірі жаңашылдықпен алға қадам басса, біздегі кәсіпкерлік көкжиегі де кеңейері сөзсіз.



**Дәулет ҚЫРДАН**
**Суретті түсірген: Ерсін ӘБЛӘКИЕВ**

# ТҰМШАЛАУҒА ТҰСАУ КЕРЕК ПЕ?



**Айтылған сөзден астар іздеп, ақиқат пен жалғанның аражігін анықтауда артық кету кісіге айып емес пе? Сөзден сын, істен мін іздеуде міз бақпаушылық мерейді өсірмесі хақ. Қазіргі таңда ауыздан шыққан бірер сөз атой салмаса да, көпшіліктің пікірін екіге бөліп, жақтаушы мен даттаушы табыла кетеді. Шешімі әлі белгісіз, түйіні әлі беймәлім мәселенің мән-жайын бағдарлау істің барысында ғана білінетіні белгілі. Олай болса, дақпырттықты дағдыға айналдырмай, дүрлігудің дабылын қақпай, аяқ алысты байқап, істің ақырын күткен абзалырақ. Әлбетте, әркім өз ойын білдіруге әбден құқылы. Дегенмен, таразының басында тәлім мен ақылдың басымырақ болғаны маңызды. Әсіресе, мәселенің бір ұшы дінге кеп тірелгенде дабыра қылудың жөні жоқ. Иә, байыптап отырғанымыз, көптің талқылауына түскен хиджаб мәселесі.**

Әркімнің таңдауын құрметтеу керектігі қаперде. Шешімі үшін сөгіс беріп, қоғам боп талауға қақымыз жоқ. Дей тұрғанмен, парыздың паркын түсініп, бұл қадамға жауапкершілікпен келсе дейміз. Хиджаб кигенімен, әдеп әліппесін ұмытып, аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығып жатқандарды естідік те, көрдік те. Сондықтан бірінің орамалды ойыншыққа айналдырғанынан, хиджаб киетін арудың бәріне теріс көзқарас қалыптасқан. Сенімге селкеу түсіріп, көңілге күдік ұялататыны осындай орынсыз әрекеттер.

– Біз – Құдайдың жаратылысымыз. Пенденің пендеден айырмашылығы білімінде, мінезінде, бір рет берілген өмірін, уақытын қалай өткізгенінде. Демек пенде ретінде басқалардың не киетініне, орамал тағa ма, хиджаб кие ме, қарсы болуға хақымыз жоқ. Қалай киінетінін әркім өзі шешеді. Алайда «бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» дегендей, айналамыздағы бір оранған қыз барлық орамал таққандарға кір келтіріп, оларға деген көзқарасқа әсер етуі мүмкін. Мәселен, өткен жылы оқушы қыздың басынан орамалды жұлып жатқан директордың видеосын көріп, сол мектепке іздеп бардым. Директор мені жылы қабылдап, ашық әңгімелесті. Сөйтіп, мәселенің мәніне үңілсек, орамалы емес, қыздың соған лайық әрекет жасамауында екен. Маған бейнетаспаға жазылып қалған орамалдағы оқушы қыздың басқа қыздармен ұрсысып, неше түрлі боқтық сөзді анық айтқанын көрсеткенде, қызардым. Оны ақтап алуға барғаныма ұялдым. Шынымен, – деді сұқбатында имам Нұрлан Байжігітұлы.

Өткен жылы мектеп оқушыларының орамал орануы сөз болып, балабақша бүлдіршінінің тұмшаланғаны дау болған еді. Білім ордасында хиджаб кигендер жайында айтылғанда қарсылық танытып, бұлқынғандар көп болды. Есейіп, ес жинап, оң мен солын танығаннан кейін орамал тағынып үлгеретінін де тілге тиек етті. Расында да дінді жете түсінбейтін баланың бала шағын ұрлап, көңілі көбеңсіп, иегі кемсеңдеуіне жол бермеген жөн. Содан болар, оқушының орамал тағуына өре түрегелген жұрт түнекті түре алатын тетік іздеп әлек болған. Қыз баланы ерте бастан тұмшалап тұсау болмау керек шығар. Тек тәрбие қазығының мықты болғаны маңызды. Ақылы толысқаннан кейін мұндай қадамға байыппен өзі де барар.

Тележүргізуші Динара Сәтжанның парақшасына жариялаған жазбасы да дау туғызды.

– Өз басым дәстүрлі қазақы исламды қолдаймын. Жұма күні – шелпек. Құран бейіттің басында. Қырқынан шығару және тұсау кесер. Біздің өз мәдениетіміз бен дәстүріміз бар. Кейінгі ұрпаққа жеткізетін тарихымыз бар. Санаулы онжылдықтар, тіпті жылдардан кейін қазақ қыздары қара хиджаб киіп жүрсе ше?! Қалайтынымыз сол ма? Сондықтан бұл мәселені көтергім келіп отыр. Себебі блогерлерге хиджаб кию үшін қомақты ақша ұсынылғанын естідім. Бұл мені қорқытады, – деді ол.

Иә, хиджаб мәселесінің туындатар тармағы көп. Бойжетіп, байсалды шешім қабылдағанға да күдікпен қарап, шүйліккендер жетерлік. Белгілі әнші мен блогерлердің бір мезетте хиджаб киюін байқағандар бұған бейжай қарай алмаған көрінеді. Сырттан тон пішіп, өздігінше болжам жасап, толассыз пікірді желіде жүктеп жатқандардан көз сүрінеді. Бірі ақталып, шырылдаса, енді бірі әділдік барына сеніп, сабыр сақтауда. Нақты дерек пен дәйек болмаған соң өзгенің жанды жеріне тиіп, намысын таптағаннан басқа бақыт біте ме?! Сондықтан ақиқатты табуда адаспаған жөн. Тек тағы айтарымыз, хиджаб кигеннен кейін, соған сай болу керектігін естен шығармаса екен. Дінді саудалаудың да қажеті жоқ.

– Дін – нәзік мәселе. Хиджаб дегеніміз – Алланың берген бұйрығы, парызы деп білемін. Сондықтан жақсы амалын орындап, түзу жолды таңдаған жанды қолдауымыз керек. Негізі джинсы киген адамдарға бұл қазақтыкі емес деп айтылмайды. Ал орамал таққан қыздарға арабтыкі деп айтып жатады. Бұл – бітпейтін дау.

Мұндай қадамға келу батылдықты, сабырлы болуды қажет етеді. Өзім алғаш хиджаб кигенімде ата-анам да, өзгелер де, оқу орным да қарсылық білдірді. Бастапқы кезде түсінбегенімен, уақыт өте келе үйренді. Алғашында ауыр болғанын жасырмаймын, қарсылық сөздерді көтере алмадым. Оның бәрін ашуланбай, сабырмен қабылдадым. Яғни, адам көркем мінезді болу керек. Көпке топырақ шашудан аулақпын. Десе де көбісі хиджабқа қызығушылықпен келген деп ойлаймын.



Исламды түсінбей, үкімдерге бейжай қарайды. Хиджаб кие тұра теріс әрекеттерге баруы содан, бәлкім?! Тағы бір айтатыным, тек хиджаб киетіндер ғана емес, қыздар қауымы боқтық сөзге үйір болмай, көркемдікті жанына жақын еткені дұрыс, – деді Г.Тыныштық.

Қорыта келгенде, әлдекімді таңдауы үшін түрткілеп, тыя алмаймыз. Сондай-ақ көпірме сөзді көбейтудің керегі жоқ. Өсектен өсіп-өнген адам жоқ. Тек оның бір ұшы қоғамға қатысты болса, жауапкершілікті сезінген жөн-ақ. Айтқанға көніп, айдағанға ермей, қабылдайтын шешім мен қадамды ақыл таразысында саралап алу бітіспес даудың алдын алады. Асылында, хиджаб киетіндер мен кимейтіндер болып бөлініп, бір-біріне қырын қараушылық та қоғамды ізгілікке жетелемейді. Барынша түсінісіп, сыйластықпен күн кешкенге не жетсін?!

**Замира ҚОНЫСЖАН**

# САМОКАТ: ҚАРСЫЛЫҚ ПЕН ҚОЛДАУ



**Қазіргі таңда темірұлпар тізгіндеген адам көп. Өйткені көпшілік асығыста автобус күтіп аялдағысы келмейді. Жетер жеріне, барар мекен-жайына жылдам баруды құп көреді. Көліктің мүмкіндігі көп екені рас. Әйткенмен, жол апаты сынды жантүршігерлік жағдай да темірұлпардан туындайды. «Жүйткіп жарысамын» деп жанталасқа түскенде жан тапсырғандар жетерлік. Қиысар жолда қақтығыс болып, біріне-бірі соғып кінәлі болып жатқандар да жоқ емес. Жылдамдықты асырғаннан кісі өлімі көбейіп, салдары сан соқтыруда. Әсіресе, көлік жүргізу құжатынсыз желмен жарыса жөнелетін бозбалалар қателікке бой алдырады. Сондықтан қоғамға қажеттісі – заң бекіткен ережені ескеріп, қауіп-қатердің алдын алу.**

Көлікке қызығушылық танытатын ұл-қыздар кәмелетке толған соң жүргізуші құжатын алуға бекінеді. Десе де, көшеден тек көлік ғана емес, мотоцикл, велосипед, тіпті, электрсамокат айдағандарды кездестіреміз. Бұл да істі тез арада тыңғылықты тындырудың таптырмас құралы. Біріншіден, жүргізетіндерге жас шектеуі қойылмайды, құжат алып сарсаңға түспейді. «Дөңгелегі жарылды-ау» деп абыржымаса, соғылған көлік секілді жөндетуді ойлап бас қатырып, шығынға түспейді. Бірақ бұл көлікке қарағанда самокат айдаушының жауапкершілігі жеңіл дегенді білдірмейді. Түптеп келгенде, қай көлік құралын тізгіндесе де, жол бойында жүргізетіндіктен саулыққа салғырт қарамай, ережені есте сақтау керек. Бүгінде темірұлпармен қатар велосипед, самокаттан да апатты оқиғалар жиілеп кетті. Бағдаршамға бағынбай, кептелісте де кідірмей, көліктер арасынан қыстырылып өтетіндер көптің титығына тиген. Расында оң-солына қарамай, қарсы алдынан шыға келгенде жаяу жүргіншінің зәре-құтын қашыратыны анық. Сосын жаяу жүргіншілерге жан-жағына жалтақтап қарап, айналасын барлап жүруге тура келеді. Тіпті, велосипедінен түспей жол ортасын кесіп өтудің өзі қауіпке ұрындарады. Ұсақ-түйек деп мән бермеушіліктің соңы осылай аяқталатыны өкінішті.



Мамыр айында өткізілген Мәжілістің жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол жүрісін ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданған болатын. Құжат аясында электр самокаттардың жолда жүру тәртібі реттеледі. Аталған заң жобасын Парламент депутаттары әзірлеген.

– Кейінгі жылдары электр самокаттардың, гироскутерлер мен монодөңгелектердің пайда болғанын көріп жүрміз. Бізге осындай жаңа көлік құралдарының жүрісін реттеу мәселелері бойынша өтініш көп түседі. Бұл, әсіресе, мегаполистер үшін өзекті мәселе. Электр самокаттардың жолдармен және тротуарлармен жүруі жаяу жүргіншілер мен жүргізушілерге қауіп төндіріп жатыр, – деді Мәжіліс депутаты Екатерина Смышляева.

Оның айтуынша, заң жобасы екі жыл бұрын әзірленген. Алайда электр самокаттарға қатысты техникалық регламент тек 2022 жылдың шілдесінде қабылданған.

– Бүгін біз электр самокаттардың жүрісін реттеу бойынша түзетулер енгізіп отырмыз. Жобаға сәйкес электр самокаттар жеке көлік құралы ретінде танылады. Сондай-ақ сағатына 25 км жылдамдықпен жүретін көлік құралдары электр самокат санатына жатады. Электр самокаттар велосипед жолдары мен жол жиектерінде еркін жүре алады. Ал тротуарларда сағатына 6 километрден аспайтын жылдамдықпен жүруге рұқсат етіледі. Бұл жаяу жүргіншілер мен жүргізушілер үшін ең қолайлы шешім, – деді депутат.

Сөзіне сүйенсек, тротуардағы жылдамдықты шектеу – жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

– Электр самокаттар жол жүру бөлігінің оң жақ шетімен, оның ішінде автобус жолағымен бір қатарда жүруіне болады. Алайда, ол үшін жүргізуші 18 жасқа толуы және шлем киюі керек. Сондай-ақ оның үстінде жарық шағылыстыратын киім мен жүргізуші куәлігі болуы қажет, – деді Екатерина Смышляева.

Жол ережесін бұзғанның жазасыз қалмайтынын жұрт жақсы біледі. Оқиға орнынан қашықтап, сылтау айтып сытылып кете алмайды. Өйткені, ГАИ қызметкерлері мен төбеде төніп тұрған бейнебақылау бәрін айғақтап береді. Айыппұл арқаламаудың амалын тауып тыпырламас үшін, келеңсіз жағдайға жетпеуді ойлану керек. Осы ретте, Әкімшілік кодекстің 593-бабына сай шлем тақпай жүрген және жолаушы тасыған мопедші мен самокатшы 5 АЕК көлемінде, яғни 17 250 теңге айыппұл төлейді. Полицейлер тәртіп бұзған тұрғынды бейнекамера көмегімен және патрульдер арқылы анықтайды.

– Өз басым енгізілген заңды құптаймын. Адам жанынан артық ештеңе жоқ. Жол бермей, ызғып жүрген самокат иелері жауапкершілік сезініп, жүргізуші куәлігін алғаны жақсы. Сонда төнер қауіп сейіліп, жаяу жүргіншілердің де жүрегі шайлықпайды. Жылдамдықты арттырып, қуыс-қуыстан шыға келетіндер талапты орындаса, түрлі оқыс оқиғадан аман болар едік. Бұл жерде самокат иелерін сөгіп отырғаным жоқ. Өздерінің амандығы үшін де керек. Өйткені, олар табан астынан тап келгенде көлік жүргізушілері байқамай, соқтығысып жатады. Қабылданған заңдағы міндет пен шектеуді қарап шықтым. Қараңғы уақытта өзге көлік жүргізушісіне көрінетін жарық шағылыстыратын зат тақпай жол бойында жүруге тыйым салған. Бұл дұрыс ұсыныс, оң шешім. Мұның өзі апатты жағдайды азайтынына сенеміз, – деді С.Қыран.

Иә, заңды қос қолдап қолдағандар бар. Тиісінше, біразы бұдан өзге де маңызды мәселе барын меңзеді. Ал самокатты жалға алу құны қымбаттағанын, жүргізу куәлігін алу да қалтаға ауыр тиетінін жеткізген жастар қынжылысын білдірді. Айыппұлды көбейте түсетіндерге наразы болғандардың да пікірін білдік. Бірақ сана сүзгісінен өткен шешімді жоққа шығармау керек сынды. Адам амандығы бәрінен маңызды. Саулықты сақтаудың жолын қарастырған жөн. Төрт дөңгелектің кесірінен төрт бұрышты керуетке таңылып, самокаттың жылдам жүрісінен жығылып қалып жүрмейік. Осы ретте, көлік жүргізушілері ортақ заңға бейжай қарамай, сақтық шараларын бұлжытпай орындаса айыппұлдан арылып, адам өлімі де болмайды.



**Нәзік АХМЕТ**

# ЖАҢА ӘУЕЖАЙ ТЕРМИНАЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

**Әуе қатынасы – облыстың әлеуметтік-экономикалық әлеуетіне тікелей әсер ететін негізгі саланың бірі. Осыған орай, «Болат Өтемұратов Қорының» демеушілігімен Сыр өңірінде Қорқыт ата әуежайының жаңа терминалының құрылысы қарқынды жүргізіліп жатыр.**

Құны 33 млн АҚШ долларын құрайтын заманауи үлгідегі жаңа нысанның жалпы аумағы – 3,9 гектарды құрайды. Жаңа терминалда жолаушыларға халықаралық стандарт талаптарына сай барлық жағдай қарастырылған. Жоба бойынша аталмыш нысан 2024 жылдың мамыр айында ел игілігіне беріледі деп жоспарлануда.

– Жаңа әуежай терминалының құрылысы биылғы ақпан айында басталды. Қазіргі таңда нысанның құрылыс жұмыстары жоспарға сәйкес орындалуда. Ауқымды жобаға Болат Өтемұратов Қоры жеке қорының қайырымдылық қаржыландыру есебінен тапсырыс беруші – «Accent Deleopment Solutions» ЖШС. Ал жобаның бас мердігері – «Elite Insaat» және «Ava Construction» ЖШС мекемесі. Бұл әуежай терминалы Қызылорда облысының экономикалық және инвестициялық жағдайын көтеруге оң әсерін тигізеді деп ойлаймыз. Жаңа терминалдың құрылыс жұмыстары аяқталғаннан кейін әкімшілік тепе-теңдігіне толықтай берілетін болады. Әуежай көлемі – 7,5 мың шаршы метр болса, терминалдың өзі 2 қабатты болып құрылады. Сондай-ақ, бұл нысанда жолаушыларға жоғары сапалы қызмет көрсету үшін соңғы үлгідегі құрал-жабдықтармен жабдықталады. Жалпы жаңа әуежай терминалы сағатына 250 жолаушыны қабылдауға қауқарлы. Сонымен қатар мұнда халықаралық және жергілікті рейс қатынайды, – деді Болат Өтемұратов қорының жоба жетекшісі Абай Нұрмұханов.

Жаңа терминалдың құрылыс жұмыстары кезінде 300 адам жұмыспен қамтылады. Ал жоба толығымен аяқталғаннан кейін 64 жаңа тұрақты жұмыс орны ашылады деп жоспарлануда. Жаңа ғимарат пайдалануға берілген кезде көлік саласының көрсеткіштері бірнеше есеге артпақ.

– Жаңа жолаушылар терминалының ғимараты Қызылорда қаласындағы қолданыста тұрған әуежайдың аумағына жақын орналасқан. Аталмыш ғимарат ерекше көрікті архитектуралық стильде жасақталды. Сонымен қатар әуежайдағы бірінші қабаттың биіктігі шамамен – 8 метр, ал екінші қабаты – 6 метр. Ғимараттың қаңқасы металл құрылымдарымен жабдықталған. Бұдан бөлек, жаңа әуежай терминалында тіркеу орнының аймақтары, жалпы күту залы, билет кассаларының дүңгіршектері, қоғамдық тамақтану орындары, дербес тіркеу тіректері, намазхана, ана мен бала бөлмесі, трансферлік жолаушыларға арналған зал болады, – деді жоба меңгерушісі Алпай Өздемир.

Аймақ басшысы жергілікті әуежайда орындалатын рейстер санын ұлғайтып, қызмет сапасына жете мән беруді тапсырды.

«Әуежай – аймақтың негізгі қақпасы, беткеұстар нысандарымыздың бірі. Қаламызға ұшып келген қонақтардың көзқарасы әуежайдың сырт келбетіне, жайлылығы мен қызмет көрсету сапасына қарап қалыптасады. Жаңа, заманауи әуежайдың терминалын салу – өте өзекті әрі халық күткен шешім. Өздеріңіз білесіздер, «Болат Өтемұратов қоры» «Қорқыт ата» әуежайының жаңа жолаушылар терминалын салуда. Құрылыс жұмыстарын жоспарланған мерзімнен 4 ай бұрын, яғни 2024 жылдың мамыр айында аяқтау көзделген. Қызылорда қаласы әкімдігіне әуежайдың сыртқы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымдарын жеткізу және аумағын



абаттандыру жүктелген. Бұл жұмыстарды мерзімінде аяқтауды қатаң тапсырамын» – деді облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында.

Қызылорда қаласының «Қорқыт Ата» әуежайы арқылы 2023 жылдың 22 мамырынан бастап аптасына 24 тұрақты рейс орындалуда. Оның ішінде Астана қаласына 12, Алматыға 12 рейс қатынайды деп күтілуде.

– Жақында құны 32 миллиард теңгені құрайтын жаңа жоба дайындаттық. Оқушылар үйінің



құрылысы, музыкалық колледждің құрылысы, үлкен стадионымыздың құрылысы басталғалы отыр. Қызылорда бүгінде еліміздегі таза қалалардың біріне айналды. Күндіз-түні еңбек ететін коммуналдық қызмет көрсету мекемесінің материалдық техникалық базасы жылдан жылға жаңарып, биыл тағы 20 заманауи техникамен толығып отыр, – деді қала әкімі Асылбек Шәменов.

Осыған байланысты, облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына жазғы мезгілде облыс халқының сұранысына қарай әуе рейстерінің санын көбейту бағытында жұмыстар жүргізу тапсырылды. «Ашық аспан» режиміне қосылу арқылы бәсекелестік орта қалыптастыру үшін шетелдік компанияларды тарту және чартерлік рейстерді көбейту мүмкіндігін қарастыру керек.

Шыныдан жасалған витражды қасбеттері бар екі қабатты терминалдың жалпы ауданы 7 500 шаршы метрді құрайды. Халықаралық және ішкі ұшу аймақтары сәйкесінше 130 және 160 қонақты қабылдай алады. Терминалда телескопиялық өтпе жол, эскалаторлар мен лифттер, жүктерді тапсыру мен өңдеудің автоматтандырылған жүйесі, транзиттік жолаушыларға арналған зал, CIP залы қарастырылған. Жаңа ғимаратта өзін-өзі тіркеу пункттері, намазханалар, Duty Free аймағы, сондай-ақ шекара және кеден қызметтері, фитосанитарлық және ветеринария, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау қызметкерлері мен желілік полиция бөлімшелері үшін мамандандырылған орындар ашылады. Құрылыс жұмысына халықаралық брендтердің жабдықтары, технологиялары және жобалық материалдары пайдаланылмақ.

**Мөлдір САБЫРЖАН**

# ЖАРҚЫН ЭМОЦИЯЛАР МЕКЕНІ



**Қаладағы орталық мәдени және демалыс саябағы қызылордалықтардың жанын тынықтырып, демалыс күндері балалардың көңілін көтеруге арналған қаланың мәнді де сәнді жерлерінің бірі.**

Ағымдағы жылдың мамыр айынан бастап өзінің маусымдық жұмысын бастаған орталық саябақ – қала халқының бос уақытын өткізетін, адамдарға қауіпсіз ортада бір-бірін жақынырақ тануға мүмкіндік беретін, еңбекқор тұрғындарды қаланың күйбең тіршілігінен демалдыратын, балалардың сан түрлі аттракциондарда көңіл көтеруіне жағдай жасайтын және жай ғана табиғатты тамашалауға мүмкіндік беретін керемет орын.

Жақында балалар мен жасөспірімдердің, тіпті отбасылардың бірге уақыт өткізуіне болатын сүйікті орны – қалалық мәдени және демалыс паркі жаңа маусымын бастады. Қала әкімі Асылбек Шаменов шаһар тұрғындары мен қонақтарына арналған әсем де жайлы демалыс орнына арнайы барып, қызылордалықтарды жазғы демалыс маусымының басталуымен құттықтады. «Жайнаған жаз мезгілін көңілді өткізіп, бірлік пен берекені, ырыс пен ынтымақты ту етіп жүре берейік. Бірлік мерекесімен қатар қалалық демалыс паркі ашылып жатыр. Қос бірдей мерекемен құттықтай отырып, сіздерге шат-шадыман көңіл-күй, отбасы ордаларыңызға бақыт тілеймін!» – деді шаһар басшысы.

Қызылордалықтардың ерекше жақсы көретін орнына айналып үлгерген демалыс паркіндегі барлық аттракциондар түбегейлі тексерістен өтіп, тұрғындарға жақсы әсер сыйлауға сақадай сай тұрғаны да сөз етілді. Қала халқының жаз маусымында уақытын тиімді өткізуін қамтамасыз ету мақсатында биыл түрлі мәдени шаралар, көңілді кештер өткізіліп, келушілерге жайлы орта қалыптастыру жоспарлануда. Тағы бір жағымды жаңалық – бұған дейін жартылай сенімгерлік басқаруда болған қалалық мәдени және демалыс паркі осы жылдан бастап қалалық мәдениет және спорт бөлімінің теңгеріміне қайтарылды. Алдағы уақытта бәрімізге ыстық көрінетін демалыс кешенін дамыту, жаңғырту бағытында көптеген жұмыстар жоспарланған.

– Жаз басталса, балалардың ойын іздеп, далақұмар болатыны белгілі. 3 балапанымыз бар. Жас отбасы болғандықтан барлығы да мектеп жасына жеткен жоқ. Орталық парк ашылғанына өзім де, балаларым да ерекше қуандық. Мұнда түрлі аттракциондар бағасы жағынан да, қауіпсіздігі жағынан да алаң тудырмайды, ыңғайлы. Әрі жыл сайын жаңа аттракцион түрлері қосылуда. Мұның өзі де қуаныш, жақсы жаңалық. Қаладағы басты ойын алаңының тұрақты келушілері ретінде парк жұмысына сәттілік тілеймін! – дейді.

Айта кетейік, былтырғыға қарағанда өзгерістің көп орын алғанын аңғару қиын емес. Аттракциондар шынында да көбейген. Батутта ойнап жүрген балақайлардың жүзінен қуаныш көрінеді. Ата-ана да шат-шадыман күйде жүр. Қалалық паркте түрлі ойындар мен қызықты жарыстар өткізіліп тұрады екен. Мысалы, кішкентай балаларға арналған шар ату, секірмек, баскетбол, балық аулау, лабиринт секілді ойындар бар, олардың қызығушылығын ояту мақсатында жеңімпазға түрлі ойыншықтар сыйлыққа беріледі. Ең қызығы, тек балаларға ғана емес, ересектерге де түрлі аттракциондар бар. Қала тұрғындарының айтуынша,«Пират», «Zik-Zak», «Айналмалы шар», «Американская горка» ерекше әсерлі.

Бала кезімізде ата-анамызбен бірге аттракциондар саябағына келгеніміз, тәп-тәтті балмұздақ пен үлпілдек мақта жегеніміз, түрлі карусельдерге отырып мәз болғанымыз әрқайсымыздың жадымызда әлі күнге дейін анық бояулармен сақталған. Сол секілді осы күнгі балалардың да балалық шағын есте қаларлықтай өткізуді көздейтін



орталық парктің ашылғанына бала да, ата-ана да ерекше қуанышты.

«Қаламыздың мәдени және демалыс паркі – отбасылық уақытты керемет өткізуге арналған таптырмас орын. Балаларымыз түрлі аттракциондарда көңіл көтеруге мүмкіндік алса, өзіміз қаланың ығы-жығы қарбалас өмірінен бір демалып қаламыз», – дейді қала тұрғыны Жанар Әбдіразақ.

Орталық саябақтың ойын-сауық кешені – барлық жас санатындағы адамдарға ұмытылмас жарқын эмоциялар мен көтеріңкі көңіл-күй сыйлап қана қоймайды, қалтаға да ауыр салмақ салмайтын қолжетімді бағада ұйымдастырылған. Жастық шағын жайдарлы сәттермен толтырғысы келетін қала жастарының ең жиі бас қосатын жері де – орталық парк. «Қаламыздың көркін келтіріп тұрған аздаған жердің бірі осы саябақ дер едім. Бұл жерге достарыммен жиі келіп тұрамыз. Аттракциондардан бөлек, паркте түрлі концерттік шаралардың да жүйелі ұйымдастырылып тұратыны ұнайды. Мен секілді жастарға да, үлкенге де, кішіге де әдемі уақыт өткізуге болатын жер ретінде бәріне кеңес беремін», – дейді студент Нұрлан Бекмырза.

Қазіргі сәтте жаңа маусымын бастаған саябақтың барлық аттракциондары жұмыс жасап тұр. Атап өтетін маңызды нәрсе, аттракциондардың қауіпсіздік жұмысына парк әкімшілігі жауапты болғандықтан, барлық ойын-сауық құрылғыларының сапалы қызмет көрсетуіне мән берулерін сұраймыз. Қала халқына, әсіресе, балаларға паркте қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау қажет екенін ескертеміз.

Айта кетейік, ойын құрылғыларының бағасы да қызылордалықтардың қалтасына қолайлы. Мәселен, мұндағы аттракциондар 250 теңге мен 500 теңге аралығында. Жалпы есеп бойынша ішінде 100-ден аса түрлі ойын-сауық құрылғылары бар екен. Әрі мұнда футболсүйер жастар жиі бас қосып тұрады. Ең бастысы, балалар қуансын! Бар жақсылық – балаларға!

**Інжу ЖАҚСЫЛЫҚ**

# ҚЫЗЫЛОРДАДА ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН «ӨЗ ЕЛІҢДІ ТАНЫ» ЭКСПЕДИЦИЯСЫ ӨТТІ

**Облыс әкімдігінің қолдауымен, облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының ұйымдастыруымен еліміздегі құндылығы жоғары, тарихи-мәдени мұралармен танысу мақсатында Қызылорда мен Түркістан облысының қалаларына саяхат жасалды.**



Топтың құрамында облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы жанындағы “Ассамблея жастар” ұйымының жетекшісі Елизавета Есмаева, ұйым белсенділері, Волонтерлар орталығының үйлестірушісі Уәлихан Жанбатыр, «Қоғамдық келісім» КММ бөлім басшысы Мұхтар Ибраев болды.

«Өз еліңді таны» тарихи-танымдық экспедициясының мақсаты – Түркістан және Қызылорда облысындағы тарихи-мәдени мұраларға саяхат жасау арқылы Сауран, Сығанақ сияқты орта ғасырлық қалалар, сондай-ақ Қожа Ахмет Яссауи археологиялық кесенелер тарихымен танысу, қазақтың рухани құндылықтарын насихаттау мен оқып-үйрену негізінде ұлттың бірегейлігін, бірлігін нығайту. Алдағы уақытта өңір жастарына басқа да киелі жерлерді көрсетіп, сол арқылы бүкіл туған өлкенің тарихы мен мол құндылықтары туралы білімдерін арттыру дегім келеді», – деді «Ассамблея жастар ұйымының жетекшісі Елизавета Есмаева.

Экспедициясының алғашқы аялдамасы – Сыр өңіріндегі мәдени-тарихи ескерткіштердің бірегейі Қыпшақ хандығының, Ақ Орданың, Әбілхайыр хандығының, кейін Қазақ хандығының астанасы болған, екі мың жылдық тарихы бар көне қала – Сығанақ болды. Сығанақ қаласының орны қазіргі “Сунақата” елді мекенінен солтүстік-батысқа қарай 2 шақырымдай жерде орналасқан бес бұрышты төбе, аумағы 20 гектардай жерді алып жатыр. Қала өмірі VI ғасырдан XVIII ғасырға дейін созылған. Моңғол шапқыншылығы кезінде қала толығымен қирап, тек XIV ғасырдан бастап қайта қалпына келтіріліп, Сығанақ қаласы Ақ Орда мемлекетінің астанасы болды.

Тарихи-танымдық экспедициясы Сауран қалашығында да болды. 13 ғасырдың орта шенінде Сауран Ақ Орданың астанасы болған. Бұл қаланы Әмір Темір әскери қамалға айналдырған. Қазіргі кезде Сауран қабырғалары мен мұналарының қалдықтары бар, ауданы 500-880 м дөңгелек алаң. Экспедиция мүшелері қаланың ішіне қақпа арқылы кіріп, қаланы қоршаған дуалдың сырт жағындағы көптеген каналдардың ізін көріп, жеті қатар қорғаныс қабырғалары іздерін тамашалады.

Экспедиция өз жұмысын сәулеттің көрнекті ескерткіші, ортағасырлық сәулет өнерінің жарқын үлгісіне айналған Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне барып жалғастырды. ЮНЕСКО дүниежүзілік мұра тізіміне қосылған Қазақстандағы бірінші құрылыс.

Түркістан қаласында орналасқан. Кесене сопылықтың негізін қалаушы, ойшыл, ақын, уағызшы Қожа Ахмет Хазірет Сұлтан Яссауидің құрметіне тұрғызылған. Яссауи Арыстанбаб пен Юсуф Хамаданидан білім алады, сопылық негіздерін, араб және шағатай тілдерін, поэзия мен Шығыс әдебиетін оқыған. Өз ілімінде ол тақуашылық, төзімділік, мейірбандылық, әділдік пен адалдықты дәріптеді. Яссауи өлімінен 233 жыл өткеннен кейін Орта Азияның қуатты билеушісі Әмір Темірдің бұйрығымен жаңа кесене салынады.

Қожа Ахмет Яссауи мешіті бүкіл дүние мұсылмандары үшін қасиетті орынға айналды. Мұнда жастар Қожа Ахмет Яссауидің тарихына байланысты естеліктер, құжаттарды, өмірі туралы сыр шертетін экспонаттарды тамашалады. Бар ынта-ықыластарымен тыңдап, мүмкіндігінше мол ақпарат алуға тырысты.

Мұнан соң өңірлік жастар Түркістан облыстық ҚХА жанындағы ассамблея жастарының белсенділерімен кездесіп, түрлі бағыттағы маңызды мәселелерді талқылады. Өзара тәжірибе алмасып, алдағы жоспарларын айтып өтті.

Экспедиция соңында саяхаттаушы құрам ұйымдастырушыларға өз алғыстарын жеткізе отырып, алған әсерлерімен бөлісті.

# «НАШАҚОРДЫҢ ӨМІРІ ЖАЙЛЫ НОВЕЛЛА»: ТАҒДЫР БЕЙНЕСІ

**Қызылорда облысы полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы жасөспірімдерді нашақорлық мәселесі жайлы спектакль көруге шақырды.**



Көрермендер студенттер мен жоғары сынып оқушылары болды. Олар Нартай Бекежанов атындағы драма театрының қойылымындағы «Нашақордың өмірі жайлы новелла» трагедиясын тамашалады.

Спектакль он жыл бойы көрсетіліп келеді, дегенмен көрсетілген қойылым үлкен сұранысқа ие болғандықтан жаңартылған, спектакльдің бұрынғы атау «Қандыөзек» болған.

Қойылымда біздің заманымыздың ауыр тақырыбы көтерілген. «Нашақордың өмірі жайлы новелла» жастардың нақты тағдырына негізделген. Спектакльде орын алған трагедия ескерту болып табылады.

Мұның бәрі әкесі мен анасының қалыңдықты таныстыруға әкелген ұлымен кездесу көрінісінен басталады. Бірақ кенеттен жігітке қоңырау шалады, оның «достары» оған қарыз ақшаны әкелуін талап етеді. Алайда «достар» нашақор болып шығады және ол есірткі притонына түседі, онда оны «инеге» отырғызады. Пьеса кейіпкерін есірткіні сол бірінші рет қабылдағаны өмірін тас-талқан етіп, ол құлдыраған нашақорға айналады. Арандатушы – есірткі сатушы әйел, жігіт кейіннен осы әйелмен тегін доза мен тамағы үшін бірге тұрады. Алайда есірткі сатушы әйелдің өз мақсаттары бар: ол ата-анасының пәтері мен көлігін өз атына аударуды талап етеді және оның жоспары сәтсіз болғанын білгенде, жігітті қуып шығады. Ата-анасы қайтыс болады, ол түрмеге түседі. Түрмеден шыққаннан кейін өзінің бұрынғы қалыңдығымен кездеседі және оның сегіз жасар ұлы бар екенін біледі.

Қойылым хеппи-эндпен аяқталады. Қалыңдық оны кешіреді, ол адам болып, онымен және ұлымен бірге болуға уәде береді.

Спектакль аяқталысымен көрермендер әртістерге ұзақ қошемет көрсетіп, естелік суретке түсті. Көптеген жасөспірім залдан ойланып шықты.

Іс-шара «Халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес күніне» жобалар аясында өткізілді.

# ЖЕМҚОРЛЫҚ

**Жемқорлық – адамзаттың санасына біткен алып дерт. Ғасырлар бойы аталған мәселе қоғамды сан соқтырып келеді. Сыбайлас жемқорлық – Бәкесі мен Сәкесі бардың қарапайым халықтан бір саты жоғары тұруы, білім мен таланттың дүниенің көлеңкесінде қалуы. Яғни, әділетсіздіктің қоғам арасында кең белең алуы.**



Аталған дерт бізге бағзыдан таңсық емес. Жемқорлық жайында абыздарымыз бен ақын-жазушыларымыз негативті көзқараста болғанын ол кісілердің туындыларынан-ақ білуге болады. Өзімізден тыс өзге елдің проблемасына айналған жемқорлық, көптеген елдің тарихында әрі әдебиетінде кездеседі. Жемқорлықпен күрес сонау IV-III мыңжылдықта бастау алған деседі. Сол заманда Шумерлердің сына жазуында Шума патшасының өзінің уәзірлеріне қызмет үшін сияқты талап етуге қатаң тыйым салынғаны жайында жазылған. Сондай -ақ Осман, Византия сынды алпауыт мемлекеттердің ыдырауына да аталған мәселе себеп болған екен. Бұл оқиғалар жемқорлықтың өршуі барысында тамыр іспеттес болса, сол тамырдың бойлауымен бүгінде жемқорлық жапырағын кеңге жайған гүлге айналды.

Жемқорлықтың жайылғаны соншалық, қазіргі қоғам арасында қарапайым әрі қалыпты жағдай болып кетті. Қарапайым халықтың арасында сыни көзқарас қарқынды дамығанымен, іс-әрекет тұрғысында бір-бірімен толықтай қарама қайшы. Жаңашылдыққа, әділеттілікке ұмтыла алмаған елді азат әрі бәсекеге қабілетті деу үлкен абсурд. Ең алдымен аталған проблема билік тарапынан орын алмауы қажет. Сонда ғана ел тарапынан жөнді іс-әрекет күтуге болады. Сонымен қатар бала тәрбиесінде өзгенің ала жібін аттамау кеңінен таралғаны абзал. Кез келген дүние жаңашылдықты талап етеді. Сондықтан ескіден қалған рулық әрі туыстық қарым-қатынасты жіліктеп баланың миына құя бергеннен көрі білім мен ғылымға өскелең ұрпақтың ой-санасын жеткізген жөн. Сыбайлас жемқорлық көбіне осы мәселеден туындайды.

Елдің ұстанымында коррупция нормаға айналуы – демократияға қарама-қайшы дүние. Менің айтқым келгені, бәсекеге қабілетті ел боламыз десек, ұлт болып қалыптасамыз десек, саналы ұрпақтың сапалы білім алғанын қаласақ, елімізде тек қана өз ісінің мамандары қызмет екенін қаласақ, жемқорлықтан толықтай бас тартқанымыз жөн. Ата-ананың бала үшін әркімнің жетегінде жағымпазданып, әр нәрсені тыққыштап жүргені балаға өнеге емес. Бұл баланың болашақ жеке индивид болып қалыптасуына, бәсекеге ұмтылуына кері әсерін тигізеді, сондай-ақ тек қана жеңілдің үстімен, ауырдың астымен жүруіне апаратынын ескергеніміз абзал.

**Айсұлу ҚОСЖАНОВА,**
**1 курс студенті**

# РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ



**Алматыда ұлы ақын, ұстаз, қоғам қайраткері Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығына арналған «Алаштың сөнбес жұлдызы» республикалық шығармашылық байқауында Қызылорда облысы бойынша Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры филиалының қызметкерлері жүлделі орындарға ие болды.**

Шығармашылық байқау ҚР тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында өткізілді. Ұйымдастырушы – Ұлттық фтизиопульмонология ғылыми орталығы. Байқауға еліміздің барлық өңірінен 60 медицина қызметкері қатысты. Марапатталғандар қатарында Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының облыстағы филиал қызметкерлері де бар.

«Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы» номинациясы бойынша II дәрежелі дипломмен медициналық көмектің сапасын бағалау және шарттық міндеттемелердің мониторингі бөлімінің бас сарапшысы Талғат Көшекбаев марапатталды. Ол байқауға Түркістан қаласында түсірілген бейнероликті ұсынды. «Түркістан киелі жерде қазақтың ұлы ақыны, қоғам қайраткері Мағжан Жұмабаевтың «Түркістан» өлеңін оқыдым. Бір ғасыр өтсе де, оның шығармашылығының шырағы ешқашан сөнбейді. Ақынның ең асылы – Отан, ана, ана тілі, махаббат және барша барлық тіршілікке ұқыпты қарау туралы алтын сөздері. Қолдау көрсеткен туыстарым мен әріптестеріме мың алғыс!», – деді Талғат Көшекбаев.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Құрмет грамотасымен медициналық көмекті жоспарлау, орындалуын талдау және болжау бөлімінің бас сарапшысы Нұрболат Абатов марапатталды. Қор филиалының талантты қызметкері Алаш зиялыларына арнау өлеңін жазды. «Онлайн форматта бейнероликті жолдадым, онда Алаш зиялыларына арналған өз өлеңімді айттым. Қор филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов үлкен көмек көрсетті. Бақыт Торғайбайұлы рухани құндылықтары жоғары тұлға, бізге үлгі. Байқауға жібермес бұрын басшымызға өлеңімді көрсеттім. Ол өз түзетулерін жасады. Ұжымға қолдау көрсетіп, жылы қарсы алғаны үшін рақмет!», – дейді Нұрболат Абатов.

# ШӘКІРТ ШАМШЫРАҒЫ

**Өмірдегі көп мамандықтың ішінде жан-жақты білімділікті, икемділікті, шеберлікті, мейірімділікті қажет ететін мамандық – ұстаздық. Олай дейтінім, мұғалім еңбегі біріншіден, адамзат қоғамы тарихында жинақталған ғылым негіздерінен білім беруге тиіс болса, екіншіден, үнемі шәкірттерімен қарым-қатынаста болып, білсем, үйренсем деген бала арманы мен оның сырлы тағдырына басшылық етуді мойнына алған маман. Осындай қызығы да, қиындығы мол мамандықты мен де таңдадым.**

Біздер, мұғалімдер, күнделікті өмірдің жай ғана адамы емес, болашақты құрушыларды, адамзаттың сәулетті болашағын жасаушыларды тәрбиелеп отырғанымызды ойласақ, мұғалім мұратының қандай болатыны өзінен-өзі айқын. Осыған байланысты ұстазға тән мынадай сипаттарды даралап көрсетуге болады: дүниетанымдық көзқарасы, сенімі; қызметке бейімділігі; кәсіптік білімі мен біліктілігі; қамқорлық көзқарас, сүйіспеншілік сезім; ұйымдастырушылық қабілет; заманға сай жаңашылдық. Осындай даралық қасиеттер ұстаздық бақытқа жеткізеді.

**Саулеш ОМАРОВА,**
**І.Қабылов атындағы N 12 IT мектеп- лицейінің бастауыш сынып мұғалімі**

# ҰСТАЗ БОЛУ – ҮЛКЕН БАҚЫТ

**Өмір талабы – іздену, үйрену. Ізденсең – табасың, талаптансаң – жетесің, зейін салсаң – ұғасың дегендей бізді осындай жігерлі сөздер алға жетелейді. Қазіргі аумалы-төкпелі заманда тез шешім таба білетіндей тұлға дайындауымыз қажет. Ол бәсекеге қабілетті, сауатты да, білімді ұрпақ. Сол ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы білім беру жолында, маңдай терімді төгіп, адал еңбек ету менің алдыма қойған мақсат – міндетім. Өйткені мен өз мамандығымды ұнатамын, сүйемін. «Ұлағатты ұстаз болу – борышым» деп санаймын.**

Осы тұста ұлы Абайдың “Ақырын жүріп, анық бас, Еңбегің кетпес далаға. Ұстаздық еткен жалықпас, Үйретуден балаға” деген өлең жолдары ойға оралады. Біз тәрбиелеп жатқан шәкірттеріміз өмірден өз орынын тауып, бір кірпіш болып қаланып, ұстазынан шәкірті озып жатса, адал еңбегіміздің ақталғаны деп қуанамыз емес пе?! Ұстаздык мамандықты жан-тәніммен сүйгендіктен, алдымдағы шәкірттерім алдында жаңа форматта, терең білім беру борышым деп есептеймін.

**Гүлнар НАЙМАНБАЕВА,**
**І.Қабылов атындағы N12 IT мектеп-лицейі Бастауыш сынып мұғалімі**

# ҚАДАМЫҢДЫ АНЫҚ БАС, ЖАС ТҮЛЕК!



**Соңғы қоңырау – он бір жыл бойы білім нәрімен сусындап өскен жас түлек үшін расында да ең соңғысы, ең ыстығы. Әрине, осындай қайталанбас сәттің ерекше, қызықты, есте қаларлықтай өткені дұрыс-ақ. Десе де мына қымбатшылық пен қалтаның қалыңдығына қараған заманда анаумен-мынаумен жарысамын деп артық кетпей, көрпеге қарай көсілген де жөн. Олай дейтінім, қазір мектеп бітіру кеші үлкен той бергенмен пара-пар болып отыр. Фотосессия, соңғы қоңырау, бітіру кешіне 2-3 киімнен сатып алатыны анық. Қыз балалар үшін шаш, бет әрлеу де арзан қызмет емес. Мұғалімге арналған сый-сияпаты тағы бар, банкеті бар бәрін қосқанда ата-ана қалтасына әжептәуір салмақ түседі.**

Ал ата-ана баласының қатарынан қалғанын қалай ма? Жоқ, әрине, бала көңіліне кірбің түспесін деп барынша тырысып бағады. Жоқтан бар жасап, қарыз, несие алса да сол ақшаны баласы үшін тауып береді. Мұндай жағдай өз басымнан да өтті. Бізге дейін жалғасып келе жатқан дәстүрге қарсы шығып «Жоқ, мен қосылмаймын» деп тағы айта алмайсың. Бітіру кеші жас түлек үшін мереке. Оның жоғарыда айтып өткенімдей, есте қаларлықтай айрықша өткені де жөн шығар. Десе де жылдан жылға жаңа тренд ойлап тауып, кететін шығын көлемін өсірген дұрыс емес. Себебі бүгінгі түлек – болашақ студент, жас маман, ересектік өмірге қадам басқан жас. Міне, ақша, қаржылай қолдау жаңа белеске қадам басқан шақта керек болады. Қалада тұратын жері, ішер тамағы ауылдағыдай тегін емес. Осылайша жаңа өмір басталады. Ақылы оқуға түсетін болсаң ол бар, тегін түстім дегеннің өзінде шәкіртақы бір айға жетер-жетпесі белгісіз.

Ата-ана перзенті үшін бәрін жасайды. Өзі ішіп-жемесе де балама жетсін дейді. Осы орайда түлектерге айтар бір кішігірім бұйымтайым бар. Оқытып, осы күнге жеткізген ата-ананың еңбегін ұғынып үлгерсе деймін. Кейін өздері ата-ана атанғанда ғана «е, бізді де осылай жеткізген екен ғой» деп қолын кеш сермеп жүрмесе екен.

Мектеп бітіру тек мейрам ғана емес, үлкен жауапкершілік артып, арманға қадам басатын шақ. Боямасыз бала шақ, оқушы кезеңнен өзіндік шешім қабылдауға, маман атануға бет бұратын кезең. Өмір жолының үлкен бетбұрысында әр қадамды аңдап басып, ақылмен шешім шығарыңдар дер едім. Себебі сендер үшін осынша тырысқан ата-ана көңіліне дақ, сеніміне селкеу түсіру – үлкен азап. Себебі білім, өнер жолында жеткен әрбір кішкентай жетістігіңнің өзі ата-ана, мектеп, ұстаздар қауымы үшін үлкен мәртебе.

**Інжу ЖАҚСЫЛЫҚ,**
**Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті Журналистика факультетінің 3 курс студенті**

# ӘЙГІЛІ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ ЖАСТАР МИССИЯСЫ




Оның үстіне көзінде жалын, сөзінде салмақ бар жастарға артылатын үміт пен сенім зор болған. Содан болар, шоқтығы биік шығарманың мәнді мазмұнынан жастарға берілер ақыл-кеңес, бағыт-бағдар, жөн сілтеушілікті жиі кездестіреміз. Жастар қашанда әдебиет пен өнерде негізгі кейіпкерлер. Әйгілі шығармаларда жастар жайында түрлі тақырып толғанады. Ғасырлар бойы атақты классикалық шығармалар жас адамдардың тәжірибесін, қиындықтарын және ұмтылыстарын зерттеді. Дүние жүзіндегі аудиторияда резонанс тудыратын осы мәңгілік шедеврлердің кейбірін ойлы оқырманға баяндап, таңдамалы 5 көркем шығарманың мазмұнына мән берген едік. Оқи отырыңыз.

Біріншісі – Уильям Шекспирдің «Ромео мен Джульеттасы». Шекспирдің екі жұлдызды ғашықтар туралы трагедиялық ертегісі жастық құмарлық пен махаббат құдіретін бейнелейді. Спектакль жас махаббаттың қыр-сырына, жастық шақтағы екпінді табиғатқа, жастық жалынның салдарына тереңірек үңіледі. Шығарманың негізгі кейіпкерлері идеалистік және қайғылы жастықтың символы ретінде мәңгілікке тарихта қалды. Шығарманың негізгі идеясы жастар арасындағы махаббат тақырыбы еді. Яғни, ұлы сезім символының сынағы, көпшіліктің ішінде романтизмді оятты. Бұл туындыны білмейтін адам кемде-кем.

Американдық жазушы Фрэнсис Скотт Фицджеральдтың «Ұлы Гэтсбиі» – жарқыраған 1920-шы жылдары жазылған туынды. Фицджеральдтың романы жас әрі жұмбақ миллионер Джей Гэтсбидің көзімен американдық арманды зерттейді. Әңгіме жетістікке ұмтылуды, байлықтың тартымдылығын және жастық ұмтылыстармен бірге жүретін көңіл-күйдің құбылмалылығын қамтиды. Ол жастық шақпен айқындалған ұрпақтың тілегі, амбициясы, моральдық қайшылықтарының көрінісі ретінде қызмет етеді.

Джейн Остиннің «Тәкаппарлық пен алалаушылық» атты туындысы рухты жастарды сипаттайды. Оқырманның сүйікті романы XIX ғасырда Англиядағы жас әйелдерге қойылған кездесудің динамикасын және әлеуметтік үміттерін тамаша бейнелейді. Элизабет Беннеттің рухты кейіпкері арқылы роман тәуелсіздік, махаббат және әлеуметтік шектеулер жағдайында жеке бақытқа ұмтылу тақырыптарын қарастырады. «Тәкаппарлық пен немқұрайлылық» махаббат пен өзін-өзі тану жолында жас адамдар кездесетін таңдаулар мен дилеммалардың мәңгілік зерттеуі болып қала береді.

Ал Джером Дэвид Сэлинджердің әйгілі«Қара бидайдағы аулаушы» романы жасөспірімдік кезеңдегі және қоғамдағы қиындықтардан көңілі қалған жасөспірім Холден Колфилдтің саяхатын баяндайды. Кітап қиял мен шынайы өмір арасындағы тепе-теңдік тақырыбын қозғайды. Роман Холденнің интроспективті дауысы арқылы оқырмандармен резонанс тудырып, тез өзгеріп жатқан әлемде жастардың күресі мен күйзелістерін суреттейді.

«Кішкентай әйелдер» әлем әдебиетінде табынушыларын тапқан, оқырманын қалыптастыра білген Луиза Мэй Алкоттың туындысы. Апалы-сіңлілердің тағдыры мен таңдауын көрсететін туындыда жастық амбиция, еркіндік, әпкелік қарым-қатынас тақырыптарын қамтиды. Кішкентай әйелдердің армандары, алға ұмтылыстары арқылы оқырманға да шабыт сыйлайды, күш-жігер береді.

Аталған таңдамалы туындылар уақыт пен мәдени шекарадан асып түсетін жас адамдардың тәжірибелері, эмоцияларын көрсету арқылы өз өміріңе үңілтеді. Оқырманға адамның өзін-өзі тануға, сүйіспеншілікке және армандарға жетуге деген әмбебап ұмтылысын еске салады.



**Н.ЖОРАБЕК**



# ӘЛІМЖЕТТІК АБЫРОЙ ӘКЕЛЕ МЕ?

**Әр адам – жеке тұлға. Жаратушының алдында әр адамның дәрежесі бірдей болғаны сияқты заң алдында да барлық адамның құқығы бірдей. Біреуді кемсітіп, бопсаламас бұрын осы нәрсені ойға алған жөн. Біз адам құқығын таптап, әлімжеттік көрсетуді физикалық ұрып-соғу, күш көрсету деп түсініп жатамыз. Ал шын мәнінде әлімжеттік дегеніміз не? Әлімжеттік адамға бір немесе бірнеше адамның психологиялық және физикалық қысым көрсетуі десек болады. Қорқыту – балалар мен жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылықтың кең тараған, күрделі және ықтимал зақымдаушы түрі. Психологиялық тұрғыдан алып қарасақ, әлімжеттік жасаушы адам жәбірленушінің өзінен қорыққанын, ызаланғанын қалайды. Ойлағаны орындалған сайын басынушы бұл іс-әрекетін қайталай береді. Елімізде 11 жастан 15 жасқа дейінгі әр бесінші оқушы сыныптастарынан әлімжеттік, қысым көреді екен. Ұлттық қоғамдық денсаулық сақтау орталығы жүргізген сауалнаманың нәтижесінде осындай дерек жарияланып отыр. Соның ішінде 11-13 жас аралығында ұлдардың арасында әлімжеттік кең тараған.**

Балалардың бір-бірін кемсітуі неден басталады? Әлімжеттікке сыныптағы кез келген оқушылар ұшырауы мүмкін. Ол көбінде бастауыш сынып оқушылары арасында кездесіп жатады. Әлімжеттік бірнеше жылдан мектепті аяқтағанша созылуы мүмкін. Балалар мен жасөспірімдер арасындағы қорқыту, кемсіту белгілі бір топқа біріккен оқушылардың өзінен ерекшеленетін баланы шеттетуден басталады. Қысым көрген оқушының мінезі, ойлау жүйесі, сырт келбеті немесе қандай да бір себеппен «командаға сыймайтындай» ерекшелігі болуы мүмкін.

Сөздің мағынасына үңілсек, «әлі жету», «әлі жететін адамға күш көрсету» дегенге саяды. Ғылым тіліне сүйенетін әлем елдерінде «буллинг» деген атауға ие. Буллинг ағылшын тілінен аударғанда «қорқыту, күш көрсету, қорлау» деген мағынаны береді.

Мектеп оқушылары арасында әлімжеттік неге көп кездеседі? Әлімжеттік жасаудағы мақсат не? Жасөспірім шақта балалар қызуқанды келеді. Жақсы не жаман нәрсеге басқаларға қарағанда тез бейімделеді. Теріс мінез-құлық пен зиянды әдеттер де көбінесе осы шақта қалыптаса бастайды. Бір сыныпта оқитын сыныптастар арасындағы әлімжеттік сыныптағы момын, әлсіз топтағы немесе ерекшелігі бар балаларды қорлап, тисуден басталады. Арзан күлкіге басқа жолдастарын қарық қылғанына риза болған оқушы одан сайын өрекпіп әлсіз баланы кекете түседі. Оның ызаланып, ашуланып, ұнжырғасы түскенінен ләззат алады. Ол баланың шын мәнінде қандай күйде екенін қызбалықпен, балалықпен түсіне бермейді. «Үндемегеннен үйдей бәле шығады» деген сөз бар қазақта. Әлімжеттіктің әлегіне түскен бала шыдамы шегіне жеткенде намыстанып ашумен өзін басынған, мазақтаған балаға қастандық жасауы мүмкін. Кейбір тұйық балалар депрессияға түсіп, өз-өзіне қол жұмсап жатады. Жеткіншектер арасында белең алатын жұмбақ өлімдердің артында осындай жағдайлар тұр. Сондай-ақ бұрыннан жалғасып келе жатқан әлімжеттіктің бір түрі – үлкен сыныптардың өзінен кіші сыныптардағы ұлдарға күш көрсетуі, ақша жинауы. Яғни, кіші балалардан әр нәрсені талап ету арқылы бопсалап, мектепте дұрыс жүрмегені, ізет көрсетпегені үшін әлімжеттік көрсетеді.



Әлімжеттіктің қай түрі болсын абырой әкелмесі анық. Керісінше сондай жиркеніштi әрекеттермен өзін жоғары санайтындар – психологиялық тұрғыдан әлсіз адамдар. Ізгі қасиетімен емес, біреуді төмендету арқылы ғана өзін көтермелеуге тырысады. Ал балалардың түзу жолдан таймауы үшін әлбетте ата-анасының тәрбиесі мен тыйымы маңызды. Әкенің балаға қалдыратын ең үлкен мұрасы – тәлім-тәрбие. «Отанның отбасынан басталатынын» ұмытпасақ екен...

**Інжу АҚЫЛБЕКҚЫЗЫ,**
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 3 курс студенті**

# ҚЫЗЫЛОРДА КӨКПАР ҚҰРАМАСЫНЫҢ ЖАЙЫ ҚАНДАЙ?

**Бүгінде өңірдегі көкпаршылар бекзат өнерді алға жылжытуға барын салуда. Оған 2005 жылдан бері Қазақстан біріншілігінен қалыс қалмай, аймақ абыройын қорғап жүрген Қызылорда көкпар құрамасы дәлел. Спорт жанашырларының белсенді әрекетінің арқасында салада Сыр өңірінің салмағы артып, жемісті нәтижеге қол жеткізуде. Осы орайда көкпардан облыстағы құраманың бүгінгі ахуалы туралы тарқатып көрсек…**





Ұлттық спорттың арасында жігітті төзімділікке, ептілікке, батылдыққа баулитын өнердің бекзат түрі – көкпар. Өзгелерге қарағанда көрермені де көп. Аталмыш спорттың биігін бағамдау үшін ішкі-сырты мәселелерге назар аудару жеткілікті секілді. Бүгінде тұтас аймақтың абыройы бір ғана Жаңақорған ауданының шабандоздарына тиесілі. Қазақстан чемпионатына 15 жылдан бері қатысып келе жатқан Қызылорда командасы осы уақытқа дейін жүлдегерлер қатарынан көрінбеген. Неліктен? Бұл сауалдың жауабын белгілі көкпаршы, команданың бапкерлік қызметін де атқарған Съезбек Сыздықовтан сұрап көрдік.

– Көкпар ережесі бойынша екі үлгі бар. Бірі жаппай, екіншісі командалық. 2005 жылға дейін жер-жерде жаппай көкпарға қатысып жүрдік. Ресми 2005 жылдан бері біріншілікке тіркеліп, содан бері облыс командасы бақ сынап келеді. Бұйыратыны, 4 пен 6 орын. Қателеспесем, 2014 жылы жеребе жолдас болып 4-інші орын алдық. Әзірге біріншіліктегі жетістік сол. 2019 жылдан бері құрамадан алшақтап қалдым. 2014-ке дейін мемлекет тарапынан қолдау болмады десек те болады. Көкпарға жеке пырағымызды қосып, жолға демеуші іздеп, «итшілеп» қатысатынбыз. 2014 жылдан бастап облыстық спорт басқармасы тарапынан шабандоздарға шәкіртақы тағайындалып, жағдай бірте-бірте түзеле бастады. Қазір қолдау жоғары деңгейде. Спорт басқармасы 20 жылқыға дейін алып берді. Әр жылқының құны 1 млн 240 мың теңгеден келеді. Оның жем-шөбі, беретін дәрумені де жеткілікті. Шәкіртақы 85 мың теңгеге көтерілді. Бапкерлердің саны 5-еуге дейін артты. Құраманың басы қасында жүргендер көрсетілген қолдауды дұрыс бағытта пайдалана алмай жатыр, – дейді спортшы.

Жалпы қазіргі таңда Тараздың «Әулие атасы» мен Түркістан облысының «Құлагеріне» тең келетін команда аз екенін мойындау керек. Соңғы кездері «Атырау» құрамасы да үздіктер қатарына қосылып келеді. Сыр өңірі құрамасының аталған топтардан қалыс қалуына бірнеше себеп бар. Біріншіден, бұл құрамалардың сапындағы шабандоздар тұрақты жалақы алады әрі арнайы мектептер жұмыс істейді. Тіпті, Түркістан, Жамбыл, Атырау аймақтарында бірнеше мектеп бар. Оған қоса, додаға қосатын тұлпарды ерекше баптайды. Атқа қажетті дәрумендерді беріп, түрлі екпелер салады. Өкініштісі, Қызылорда облысында ұлттық спортқа арналған клуб та, спорт мектеп те жоқ.



Сондықтан бағыт бұрар тұстың бірі – арнайы мектеп пен сәйгүлік бабы.

Дегенмен көңіл көншітер көрсеткіш те бар. Соның бірі құрама сапындағы жас спортшылардың артуы болса керек. Бүгінде Абылайхан Құлмағанбетұлы, Дәулет Ағайдар, Темеңгер Сағымбай сынды жастар аймақ абыройын асқақтатуда.

– Жастайымнан ат үстіндемін. Жаңақорған ауданы, Бесарық ауылында туып-өстім. Жаңақорғанда көкпар қалыптасқан. Мектеп бітірісімен құрамаға ілігіп, облыс намысын қорғап жүрдік. Көкпарға түбегейлі көңіл бөлген соң спорт шебері атағын алуды мақсат еттік. Ол үшін команда міндетті түрде жүлдегерлер қатарынан көрінуі тиіс. «Құлагер» көкпар командасына келгелі Қазақстан құрамасына да шақырту алып жатырмын. Ат жалында өскен соң халқымызбен ғасырлар бойы бірге жасасып келе жатқан өнерін жалғағың келеді, – дейді қызылордалық спортшы Нұрлыбек Асқаров.

# ҚАҺАРМАН ҚАҚПАШЫ – ЧЕХ

**Жақында әлем назарын аударған Ағылшын прьмер-лигасы өз мәресіне жетті. Алайда маусым бойы көш бастаған Арсенал командасы биылғы кезеңнің бітуіне санаулы ойын қалғанда Хосеп Гвардиола баптайтын Манчестер Сити ұжымына есе жіберіп, чемпиондықтан айырылып қалды. Кезінде атақты қақпашы Чех қорғаған қақпаға «қалалықтар» қайтарымсыз 4 гол соқты. Осындай сәтсіз кезеңде, бұрынғы Арсен Венгердің командасын сағына еске аласың. Айтпақшы, Чех ойнаған «Челси» командасы да биыл турнирлік кестеде тіптен төмен кетіп, 12-орынға әрең табан тіреді. Бүгін біз өткенге оралып, әлемге танымал голкипер, Чехия ұлттық құрамасы және лондондық қос клуб «Челси» мен «Арсеналдың» бұрынғы негізгі қақпашысы, «Ноль» мырза, «Танкист» деген лақап атпен танылған Петр Чех жайлы жайлы ой қозғамақпыз.**



Футбол әлемінде футболшыларды көп мазалайтын мәселе – ауыр жарақат. Ауыр жарақаттардың әсерінен футбол жұлдыздары да, жай қарапайым футболшылар да үлкен футболмен қош айтысуға мәжбүр болады. Біздің қаһарман көптеген ауыр жарақаттарды басынан өткізді. Бірақ футбол ойнауға ештеңе бөгет бола алмады.

Бәрін басынан бастайық. Петр 1982 жылы 20 мамырда Чехияның Пльзен қаласында дүниеге келген. Жастайынан спортқа қызыққан. Әсіресе хоккейге. Өйткені Чехияда футболға қарағанда хоккей әлдеқайда жақсы дамыған. Соған байланысты Чехтың болашақта хоккейші болғысы келгеніне таң қалуға болмайды. Оның балалық шағынан қазірге дейінгі кумирі Чехия хоккейінің жұлдызы – Доминик Гашек. Алайда хоккейші болу Петрдің маңдайына жазылмады. Өйткені хоккеймен шұғылданатын қажетті құрал-саймандармен Чехтың әке-шешесі қамтамасыз ете алмай, оны футболға берді. «Ноль» мырза ең басында жергілікті «Виктория» футбол клубында жаттықты. Ол бірден қақпашы бола қойған жоқ. Алғашқыда жартылай қорғаушы, шабуылшы шептерінде ойнады. Бірақ 10 жасында аяғын сындырып алады. «Танкист» ауыр жарақаттан айыққаннан кейін қақпашы болуға шешім қабылдайды. Петр қақпашы болысымен оның қақпашылық таланты өрге домалайды. Ол «Виктория» клубына 16 жасына дейін өнер көрсетеді.

1999 жылы Амстердамда жасөспірімдер арасында өткен турнирде ерекше дарынымен көзге түсіп, Чехияның жоғарғы лигасында ойнайтын «Хмель» клубына шақырту алады. Сөйтіп Чех 17 жасында «Хмель» клубы сапында Чехияның жоғарғы лигасында және кәсіпқой футбол әлеміндегі алғашқы ойынын өткізеді. 2001 жылы прагалық «Спарта» клубының футбол мамандарының назарын өзіне аудартады. Сол жылдың жазында Петр «Спартамен» келісім-шартқа отырады. «Спарта» сапында Танкист бір маусым ғана ойнайды, алайда қабілетін Чемпиондар лигасында сынап және Чехияның жоғарғы чемпионатында 855 минут өз қақпасына доп өткізбей, ұлттық рекорд орнатады. 2002/2003 маусымы басталмастан оны француздық «Ренн» клубы 5 миллион еуроға сатып алады. Францияда өткізген 2 жыл ішінде Чех Еуропадағы ең үздік қақпашылар қатарына ілінеді. Сонымен қатар «Ренн» клубының Франция жоғарғы дивизионындағы орнын сақтап қалуында жас кипердің ролі жоғары болған. Бұл талантты да, дарынды қақпашыға қызықпаған клуб жоқ еді ол кезде. Бірақ «Челси» барлығының алдын орап кетті. 2004 жылдың жазында «Ренн» клубы лондондық «Челси» клубына 10,3 миллион еуроға сатады.

Ақсүйектер клубына келісімен Петр бірден негізгі қақпашы бола алған жоқ. Өйткені «Челсидің» негізгі қақпашысы итальяндық Карло Кудичини болатын. Бірақ Карло Кудичини маусымға дейінгі ойындарда қателіктер жіберіп, «Челси» қақпасының негізгі күзетшісі болып Петр Чех тағайындалды. Сөйтіп «Ноль» мырза 2004 жылдан 2015 жылға дейін лондондық «Челсидің» негізгі қақпашысы болды. Ал 2015 жылдан 2019 жылға дейін «Арсеналдың» намысын қорғады.

Петр Чех Ағылшын премьер-лигасының 2004-2005 маусымында 11 ойын және 35 минут өз қақпасына доп жібермей, әлемге әйгілі дат қақпашысы Петр Шмейхельдің рекордын қайталады. Осы рекордты орнатқан үшін ол жанкүйерлерден «Ноль» мырза атағын алады. 2005 жылғы маусымның қорытындысы бойынша ол Ағылшын премьер лигасының және Чемпиондар лигасының ең үздік қақпашысы деп танылады. Чех 2006 жылы 15-қазан күні Ағылшын чемпионатында «Ридинг» клубының жартылай қорғаушысы Стивен Хантпен соқтығысып, басына ауыр жарақат алады. Жарақаттың ауыр болғандығы соншалық кез-келген футболшы оның орнында болғанда футбол өмірімен қоштасар еді, бірақ ол жарақаттан тез жазылуды, команда сапына тезірек оралуды ойластырды. 2007 жылы қыста Петр жарақатынан айығып, футбол әлеміне оралды. Чех футболда тағы да басынан ауыр жарақат алмас үшін арнайы қорғаныш қалпағымен алаңға шығатын болды. Оның киген қалпағы танкистің бас киіміне ұқсағандықтан оны кейде «танкист» деп те атайды. Сол 2006/2007 жылғы маусымында Чех «Челсиге» екі турнирді жеңіп алуға көмектесті. Біріншісі Ағылшын лигасының кубогы финалында чех қақпашысының командасы болашақ өзі ойнайтын «Арсеналды» 2:1 есебімен жеңген болатын.

Екіншісі 2007 жылдың 19 мамырында Англия кубогы финалында «Челси» «Манчестер Юнайтедпен» кездесіп, сол ойында Петр қақпасына бірде-бір доп жібермей, ойын «Челсидің» еншісіне 1:0 есебімен аяқталды. Алайда «Челси» Ағылшын чемпионатында «Манчестер Юнайтедті» алға жіберіп алып, чемпионатта екінші орынды місе тұтты. 2007 жылдың қорытындысы бойынша «Ноль» мырза Еуропаның ең үздік қақпашысы атанды.



Одан басқа сол жылы Чех УЕФА нұсқасы бойынша үздік қақпа күзетшісі деп танылды. Чемпиондар лигасының 2007/2008 жылғы маусымында «Челси» финалға шығып «Манчестер Юнайтедпен» кездесті. Бұл финалдық ойын 2008 жылдың 21 мамырында Мәскеу қаласының «Лужники» стадионында өтті. Жалпы финалдық кездесудің негізгі уақыты 1:1 есебімен аяқталды. Қосымша уақытта да екі қарсылас бірін біріне гол соға алмады. Енді екі алпауыт клуб мықтыны 11 метрлік пенальти сериясы бойынша анықтады. Петр Криштиану Роналдудың пеналтиден тепкен добын қайтарған болатын, алайда шайнап берген асты жұта алмаған «Челси» капитаны Джон Терри мен Николя Анелька өз мүмкіндігін пайдалана алмай, мүлт кетіп жатты. Ойын пенальтиден 6:5 есебімен «Манчестердің» пайдасына шешілді.

Кейін Чех «Арсенал» сапында да жоғары деңгейде өнер көрсетті. «Манчестер Сити», Манчестер Юнайтед», «Тоттенхэм» сияқты алпауыт командалардың ұтуына мүмкіндік бермей, командаға жеңіс сыйлаған кезі көп. Алайда Чех ауысып келген бірінші маусымда Арсен Венгер командасы АПЛ-да екінші орынға табан тіреген еді. Бұл маусымда да сәттілік жетіспеген Артета шәкірттері күміс жүлдені місе тұтты. Бірақ Арсеналдың қазіргі қақпашысы Рамсдейл Чехтың ізін басып, ойынын қайталай алмаған секілді. Өкінішітісі де – сол.

**Берен ШАҒЫРОВ**

# ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДА «ТЕННИС ОРТАЛЫҒЫ» ҚҰРЫЛДЫ



**Сыр спортында ақжолтай жаңалық. Аймақта мемлекет басшысының тікелей бақылауындағы бұқаралық спортты дамытуға қатысты бастамаларды жүзеге асыру мақсатында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен ҚР Теннис Федерациясының президенті Болат Өтемұратовтың қолдауымен Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасы жанынан «Теннис орталығы» арнайы дербес мекеме болып құрылды.**

Қазіргі таңда орталықта 104 бала теннисспен тегін шұғылданып, халықаралық, республикалық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болуда.

Алдағы уақытта мекеме ауқымын кеңейтіп, онда қосымша үстел теннисі мен бадминтон спорт түрлерінен бөлімшелер ашылып, жұмыс істейтін болады.

Сәйкесінше, туған жерге деген үлкен махаббат пен қолдаудың нәтижесінде негізі қаланған теннис мектебі қосымша жаттықтырушы-оқытушылар штаттармен, спортшылардың жарыстарға қатысу шығындарымен қамтамасыз етіледі.

Айта кету керек, өңірімізде негізгі спорт түрлерін дамыту мақсатында бірнеше жылға кешенді жоспар дайындалған. Соған сәйкес, тұрғындар сұранысындағы әрбір спорт түрлерін демеу мақсатында кезең-кезеңімен нәтижелі жұмыстар жүргізіліп, қолдаулар жалғасатын болады.

# «АСТАНА» ВЕЛОСПОРТШЫСЫ ГРАНД-ТУРДА ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ



**«Астана» велокомандасының спортшысы Марк Кавендиш «Жиро д Италия» көпкүндігінің соңғы финалдық кезеңінде топ жарды.**

Британиялық велошабандоз спринтерлік сайыста құстай ұшып, қалың топтан озып кетті. Бұл Кавендиштің Италия Гранд-Турындағы 17-ші жеңісі. Рим қаласындағы финалдық кезең 126 шақырымға созылды. Мәре сызығын екінші болып Люксембург жігіті Алекс Кирш кесті. Италиялық Филиппо Фиорелли үздік үштіктен көрінді.

Жалпы есепте словениялық Примож Роглич “Жиро д Италия” көпкүндігінің чемпионы атанды. “Астана” сапынан испаниялық Луис Леон Санчес 24-ші орынды қанағат қылды.

# ДЗЮДОДАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИР ӨТТІ



**Қызылорда облысы, Сырдария ауданына қарасты Н.Ілиясов ауылдық округінде дзюдодан республикалық турнир өтті. Аталған жарысқа 11 облыстан 334 спортшы және 27 команда қатысты. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында өткен брифингте облыстық мәдениет және спорт басқармасы басшысының орынбасары Асылжан Жаманқұл мәлімдеді.**

Турнирге арнайы халықаралық, ұлттық төрешілер шақыртылды. Себебі, шын мықтыны әділ түрде айқындау негізгі мақсаттың бірі. Жеңімпаздарға ақшалай сыйлықтар және ҚР спорт шеберіне үміткер атағы берілді. Биыл он екінші рет өткізілген турнирді алдағы уақытта халықаралық деңгейге дейін көтеру жоспарлануда.

Айта кетейік, сайысты өткізуге демушілік көрсеткен – «Абзал және К» мекемесі.

**Бетті дайындаған: Берен ШАҒЫРОВ**




# «SOS»: ДАБЫЛ БАТЫРМАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Қызылорда қалалық Полиция басқармасының дерегінше, қалада 15 «SOS» дабыл батырмасының құрылғысы орнатылған. Басым бөлігі адам көп шоғырланатын сауда орындары мен мәдени нысандар маңына қойылыпты. Атап айтқанда, Орталық алаң, «Студенттер сарайы», «Универсам» сауда үйі, Мұратбаев пен Бұқарбай батыр көшелері қиылысындағы ескерткіш тұсы, Қорқыт Ата мен Өсербаев көшелерінің қиылысы, Сол жағалаудағы «Жастар орталығы», «Теміржол вокзалы», «Aray City Mall» ойын-сауық сауда орталығы маңында орналасқан. Сонымен қатар «Сырдария» сауда үйі, «Тағзым алаңы», «Жаңа базар», «Океан» және «Рүстем» сауда орталықтары, Қорқыт ата көшесі №55 үйдің жанында да аталған құрылғыны пайдалануға мүмкіндік бар.

Шаһар қауіпсіздігінің жаңа деңгейге көтерілгеніне тұрғындар да дән риза. Көбі жедел көмек алуға қол жеткізетін құрылғының әлі де көбейгенін қалайды. «Азаматтардың қауіпсіздігін сақтау жедел әрекет етуге байланысты. Қаладағы «SOS» дабыл батырмасының негізі міндеті де дер кезінде көмек алуға арналған. Шетелде саяхаттау барысында мұндай батырмалардың балама нұсқасын көп кезіктіретінмін. Пайдалану оңай әрі түсінікті. Туристер үшін де таныс құрылғы болғандықтан, тиімділігі жоғары деп бағалаймын. Әлемдік тәжірибені Сыр өңірі де пайдаға асырғанына қуаныштымын», – дейді қала тұрғыны Мақсұт Аманбеков.

Айта кетейік, «SOS» түймесін басу арқылы тәулік бойы Жедел басқару орталығына бейне-қоңыраулар келіп түседі. Құрылғылардың орналасуы бейнебақылаумен жабдықталған, қиын жағдайда бұл кезекші бөлімнің қызметкеріне жағдайды өз бетінше бағалауға мүмкіндік береді. Құрылғы жерден бір метр биіктікте орналасқан. Оларды, тіпті, балалар да қолдана алады.

Сала мамандары әлеуметтік желі мен БАҚ бетінде аталған батырманы пайдалану реттілігі мен жағдайды таратқан. Айтуынша, қауіп төнген жағдайда, күдікті адам байқалса, тіпті, мас күйде көлік айдаған азамат көрсеңіз де батырманы басып, ақпарат беруге болады.

Бұған қоса, қала аумағындағы құқықбұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу мақсатында азаматтарға арналған «102» арнасы мен «102» мобильді қосымшасы жұмыс істеуде.

**Тұрғындар қауіпсіздігін қамтамасыз ету заманауи технологияларды пайдалануды қажет етеді. Осы бағытта Сыр өңірінде де жемісті жұмыс қолға алынған. Соның бірі – облыс орталығына «SOS» дабыл батырмасының орнатылуы.**

**Б.МАҚСҰТ**

# ЖАС ЖУРНАЛИСТЕР БАЙҚАУЫ



**Облыстық «Ақмешіт жастары» газеті 10 жылдығына орай және осы редакцияда еңбек жолын бастаған жас журналист Сара Омарованы еске алуға арналған «Ең үздік жас журналист» облыстық байқауын жариялайды.**

Жалпы ереже:
– Байқау облыстық деңгейде ұйымдастырылады.
Мақсаты:
– Жас журналистердің шығармашылығының дамуына қолдау көрсету
– Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту
Байқауды ұйымдастыру және оған қатысушыларға қойылатын талаптар:
– Байқауды ұйымдастырып, өткізу мақсатында редакция жанынан Ұйымдастыру комиссиясы құрылады
-– Байқауға бұрын-соңды жарияланбаған материал жіберіледі
– Байқауға 29 жасқа дейінгі бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс істейтін тілшілер мен тәуелсіз қаламгерлер қатыса алады
– Материалдар тиісті баспа және ақпарат құралдары жетекшілерінің ұсынысы бойынша қабылданады. Материал жастардың өзекті мәселесін қамтуы тиіс
– Байқауға әрбір қатысушы материалын 3 парақтан аспайтын көлемде ұсына алады. А-4 форматында, Times New Roman қарпімен, 14 мөлшерде, 1,0 аралықта терілуі керек. Байқау материалдарын сараптау барысында тақырыптың өзектілігі және маңызы, мазмұнның ашылу тереңдігі, шынайылығы, жаңа әдістерді қолданысқа енгізе білуі, тілі және стилінің ұғыныңтылығы, зерттеу әдістерін енгізе білу ерекшелігі, ұтымды қолдана білуі есепке алынады.

Материалдар басылымның aqmeshit_zhastary.kz @mail.ru электрондық поштасына қабылданады. Тел: 40-11-10; +77784020511

– Байқауға қатысушылар Ұйымдастыру комиссиясына (Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4 А, байланыс телефоны: 8 (7242) 40-02-17, мынадай құжаттарды қоса жібереді:
1) Төмендегі деректер көрсетілген өтініш: автор туралы мағлұматтар/туған жері, күні, айы, жылы
2) жұмыс немесе оқу орны, қызметі, тұрғылықты мекен-жайы, бай-ланыс құралдары және 3х4 суреті
3) байқау материалының қағаз нұсқасы
4) Байқауға жіберілген материал авторларға қайтарылмайды
5) Байқауға ұсынылған материалды қазылар алқасы бағалайды
– Байқау үш кезеңнен тұрады:
1) 2023 жылы 26 мамыр мен 20 маусым аралығында байқауға қатысушылардан материалдарды қабылдау
2) 2023 жылы 24-26 маусым аралығында материалдарды сараптау және жеңімпаздарды анықтау
3) 2023 жылы 27 маусымда байқау жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі.

Байқау жеңімпаздары арнайы сыйлықтармен марапатталады.

# ЖҰЛДЫЗ – ЖОРАМАЛ

*(1-8 маусым)*

**Тоқты**
Бұл аптада сізді сәттілік күтіп тұр. Тек өзіңіз анық-қанығын білмейтін іске араласпаңыз. Өз күшіңіз бен мүмкіндіктеріңізді дұрыс бағалап үйренген жөн. Шектен тыс сенімділіктің салдарынан қиындықтар туындауы мүмкін. Мүмкіндік болса, уақытты үйде, тыныштықта өткізіңіз. Соның арқасында шығармашылық әлеуетіңіз артады.

**Торпақ**
Жеке басыңызды ғана ойлап, бәрін ысырып, тек өз ісіңізбен айналысудан аулақ болыңыз. Жақындарыңыз бен достарыңызға да уақыт бөліп үйреніңіз. Сіздің немқұрайлығыңыздан отбасыңызда қиындық туындауы мүмкін.

**Егіздер**
Алдағы аптада дұшпаныңыз сізді аяқтан шалуға тырысқанмен, өзі ыңғайсыз жағдайға қалуы мүмкін. Қандай жағдай болсын, кектесіп, өш алуға тырыспаңыз. Сонда ғана абыройыңызды арттырасыз. Кәсіби салада өзгерістер орын алуы мүмкін.

**Шаян**
Ашуланшақтығыңыз бен жабырқаулы көңіл-күйіңізді ескермесек, денсаулығыңыз жақсы деуге болады. Өзіңізге уақыт бөліп, денсаулығыңызды қалай нығайту керегін ойлаңыз. Аптада өзгерістер болып, жаңа адамдармен танысуыңыз мүмкін. Ішкі түйсігіңізге құлақ асып, жағымсыз адамдардан іргеңізді аулақ ұстаңыз.

**Арыстан**
Жаңа апта жақсылықтарға толы болады. Тек күшіңізді дұрыс бағалап, серіктесіңіздің мүмкіндіктерін де ескеріңіз. Өзіңізге тым сенімді не сенімсіз болсаңыз, қиындықтар туындауы мүмкін. Жұлдыздар бос уақытты үйден тыс жерде, театрда немесе достарыңыздың үйінде өткізуге кеңес береді.

**Бикеш**
Таныстықтар мен шығармашылық кездесулер үшін қолайлы апта болмақ. Сізді, көзқарастарыңызды қолдайтын адаммен сөйлесуге тырысыңыз. Соның нәтижесінде шығармашылық әлеуетіңіз артады. Жеке өміріңізде де оң өзгерістер орын алуы мүмкін.

**Таразы**
Жаңа аптада орын алған жағдайларға орай ашушаң, шыдамсыз болуыңыз мүмкін. Ұрыс пен жанжалдар да орын алуы ғажап емес. Бойыңыздағы қырсықтық, менмендік, екіжүзділік сынды жағымсыз қасиеттерге көңіл бөліп, олардан арылуға тырысыңыз. Өзіңізді сырттай бақылап, әр әрекетіңізге баға беріп көріңіз.

**Мерген**
Жаңа апта қаржылық операциялар үшін қолайлы кезең болады. Мәмілеге келіп, басшылықтың көңілінен шықсаңыз, табысқа кенелесіз. Жаңа серіктестер пайда болуы мүмкін. Ішкі еркіндігіңіз кез келген оң өзгерісті жоққа шығаруы мүмкін. Сондықтан түйсігіңізге құлақ асып, сезімге емес, ақылға жүгініңіз.

**Сарышаян**
Уақытыңызды алдын ала жоспарлап, маңызды шаруаларды апта аяғына қалдырыңыз. Сонда өміріңізде тепе-теңдік орнап, бәрі оңынан шешіледі. Жаңа аптада таза ауада серуендеуге, денсаулыққа жауапкершілікпен қарауға кеңес береміз.

**Тауешкі**
Жаңа апта шығармашылық кездесулер мен ойдағыны жүзеге асыру үшін таптырмайтын уақыт болмақ. Аз уақытта қаржылық жағдайыңыз жақсарып, ісіңіз ілгері басады. Тек табысыңызды дұрыс жоспарлай біліңіз.

**Суқұйғыш**
Суқұйғыштар үшін махаббат, кешірім аптасы басталды. Қандай да бір жағдайларға байланысты жақыныңыздың алдында өзіңізді кінәлі сезінсеңіз, кешірім сұраңыз. Керісінше, сізді ренжіткен адамды кешіріңіз. Болған жайттардың жақсы жағын көруге тырысыңыз.

**Балық**
Жаңа аптада жақындардың кеңесіне құлақ асқаныңыз жөн. Аяқты көтеріп, бос жататын уақыт емес. Жалғыз қалып, болашаққа жоспар құрыңыз. Қалаған мақсатыңызға қол жеткізуді кішкентай қадамдардан бастау керегін де ұмытпаңыз.

# «ТЕАТРҒА ТӘУЕЛДІЛІК» ТУРАЛЫ ТОЛҒАМ

**Театр мен драматургия таң қалдыратын, шабыттандыратын және терең эмоцияларды жеткізу қабілетімен әлі де теңдесі жоқ ең көне өнер түрлерінің бірі. Қойылымдар мен драмалық туындылар тек көңіл-күй сыйлап қоймайды, сонымен қатар жаңа дүниелерді ашады, көрермендердің ой-толғамдары мен тәжірибелерін тудырады. Адамзат санасы эмоцияны түрліше шығарады. Бірі эмоциясын коммуникацияға түсіп, тауға шығып, кино көріп шығарса, енді бірі театрды нағыз эмоциялар шайқасы ретінде көреді. Ондай санаттағылар үшін әрбір қойылым оның жан-дүниесін астаң-кестең төңкеріп, жаңа рух сыйлайды. Бұл мақалада «театрға тәуелділік» ұғымының адам санасында неліктен маңызды екенін қарастырайық.**

Театр мен драма өмірге әртүрлі кейіпкерлердің көзімен қарауға мүмкіндік береді. Олар балама шындыққа енуге және кейіпкерлердің тәжірибесімен эмпатияда болуға мүмкіндік беретін бірегей әңгімелер мен диалогтар жасайды. Бұл сюжеттің дамуы мен кейіпкерлер көрінісінен аңғарылады.

Сонымен қатар, театр мен драматургия – қоғамның мәселесін, қиыншылығын, ұмтылысын көрсететін айна. Сахналық шығармалар арқылы біз өміріміздің әлеуметтік, саяси және мәдени аспектілерін жақсырақ түсіне аламыз. Театр – өзекті мәселелер мен қиындықтарды талқылайтын, көрермендерді олар туралы ойлануға және мүмкін осы мәселелерді шешуге белсенді қатысуға шақыратын алаң.

Актерлер, режиссерлер мен драматургтер үшін театр – шығармашылық пен өзін-өзі көрсету алаңы. Олар бірегей туындылар мен интерпретациялар жасай отырып, сахнада өз идеяларын, эмоцияларын және көзқарастарын өмірге келтіре алады. Бұл олардың әлеуетін ашуға және көрермендерге әсер етуге, сондай-ақ актерлік және режиссерлік қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Театр – бұл спектакльді бірге тамашалау үшін адамдар жиналатын орын. Ол қарым-қатынас пен әлеуметтік байланысқа қолайлы бірегей атмосфераны жасайды. Көрермендер өз эмоцияларын басқа адамдармен бөлісуге, спектакльді талқылауға және әсер алмасуға мүмкіндік алады. Мұндай кездесулер қауымдастық құруға және адамдар арасындағы байланысты нығайтуға көмектеседі.

Негізінен театр мен драматургия көрермендерден өз қиялын белсенді пайдалануды талап етеді. Олар сахнаның кейбір элементтерін ғана береді, ал қалғанын көрерменнің санасына қалдырады. Бұл қиялды, шығармашылық ойлауды және әдеттегі шеңберден тыс ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Міне, осынша дағды эмоционалды ерекшелігімізге, деңгейімізге әсер етіп, қызығушылығымыз бен қажеттілігіміздің орнын толықтырады. Сондықтан болар, тетар сөзінің өзі миға «эмоция дабылын» береді. Театр және кино режиссёры Робер Лепаж – «Адам бүгін театрға ертең адам болып қалу үшін барады» дейді. Расында, ертеңгі болмысты жасайтын – бүгінгі іс-әрекетің.

Түйіндей келе, театр мен драматургия адам санасында маңызды рөл атқарады, эмоционалдық және мәдени тәжірибесін байытады. Ол шабыттандыруға, күшті сезімдерді оятуға және бізді жаңа әлемдерге апаруға қабілетті. Театрдың арқасында өзімізді, қоғамды жақсы түсініп, мәдениет пен өнердің дамуына үлес қоса аламыз. Театрға деген құштарлық өнерді және бізді қоршаған әлемді терең түсінуге жол ашады.

**Нұртлеу ЖОРАБЕК**

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
**e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru**
**Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz**

**Таралымы: 6931**
**Тапсырыс: 843**